

Моңғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзетуді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы N 138 Заңы.

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 90 қаулысымен мақұлданған Моңғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзету ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

N 90 ҚАУЛЫ

МОНҒОЛИЯНЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ЕЛІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ МАҚСАТЫНДА ЕҚДБ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ТҮЗЕТУ

Басқарушылар кеңесі

Директорлар кеңесінің Моңғолияны ЕҚДБ-ның қаржы ресурстарын пайдалану құқығы бар операциялар елі (немесе алушы ел) ретінде қабылдау мақсатында ЕҚДБ құру туралы келісімге түзету енгізу ұсынысы туралы баяндамасын қарап және көрсетілген баяндамамен келісе отырып,

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

ЕҚДБ құру туралы келісімнің 1-бабының редакциясы, оған мынадай мазмұндағы екі қосымша сөйлем енгізіле отырып өзгертілсін: " *Банктің мақсатына дәл сондай шарттарды Монғолияда да қол жеткізуге болады. Осыған байланысты осы Келісімдегі және оның қосымшаларындағы "Орталық және Шығыс Еуропа елдері", "Орталық және Шығыс Еуропадағы елдер", "алушы ел (немесе алушы елдер)" немесе "алушы ел, Банк мүшесі (немесе алушы елдер, Банк мүшелері)" сияқты кез келген сілтеме Монғолияға да қатысты болады*".

ОДАН ӘРІ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Түзету ЕҚДБ-ның әрбір мүшесі: а) көрсетілген түзетуді өз заңдарына сәйкес қабылдағаны туралы құжатты ресімдеп, ЕҚДБ-ға сақтауға тапсырғаны және б) өзінің көрсетілген түзетуді қабылдағанының, сондай-ақ ЕҚДБ-ның осы мүшесінің заңдарына сәйкес оны қабылдағаны туралы құжатты ресімдегенінің және сақтауға тапсырғанының нысаны мен мазмұны жағынан ЕҚДБ-ны қанағаттандыратын дәлелдерін табыс еткені туралы Банк ресми хабарлаған күннен бастап үш айдан кейін күшіне енеді.

(2004 жылғы 30 қаңтарда қабылданды)

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзету" 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 90 қаулысының аудармасы түпнұсқаға сай екенін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі
Инвестициялық саясат және
жоспарлау департаменті
инвестициялық саясат
басқармасы бастығының
орынбасары

ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

МАЗМҰНЫ

I тарау Мақсаты, функциялары және мүшелік

II тарау Капитал

III тарау Операциялар

IV тарау Заем алу және өзге өкілеттіктер

V тарау Валюталар

VI тарау Ұйымдастыру және басқару

VII тарау Мүшеліктен шығу және мүшелікті тоқтату:

операцияларды уақытша тоқтату және түпкілікті тоқтату

VIII тарау Мәртебе, иммунитеттер, артықшылықтар және алып қою

IX тарау Түзетулер, түсіндіру, төрелік сот

X тарау Қорытынды ережелер

A Қосымшасы

B Қосымшасы

Кеңестік делегация Басшысының хаты

Уағдаласушы тараптар:

көп партиялы демократияның, құқықтық мемлекеттің, адам құқығын қорғау мен нарықтық экономиканың басты қағидаларын ұстана отырып;

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Хельсинкийдегі Қорытынды актісі, атап айтқанда, оның құрамындағы Қағидалар декларациясы туралы ескерте отырып;

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің көп партиялы демократияны жүзеге асыруға, демократиялық институттарды, құқықтық мемлекетті және адам құқығын сыйлауды нығайтуға ықпал ететін ниетін, сондай-ақ олардың нарыққа бағдарланған экономикаға өту мақсатында реформаларды жүзеге асыруға даярлығын қолдай отырып;

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің экономикалық өркендеуіне ықпал ету ісінде тығыз және үйлестірілген ынтымақтастықтың, олардың экономикасының халықаралық рыноктарда бәсекелестік қабілетін жоғарылатуда, қайта құру мен дамытуда және осы арқылы, қажет болса, олардың экономикасын қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді төмендетуге көмек көрсетудің маңыздылығын ескере отырып ;

өзінің негізгі сипаты бойынша еуропалық және мүшелік құрамы бойынша ауқымды халықаралық болып құрылатын көп жақты қаржы институты көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретініне және Еуропадағы ынтымақтастықтың жаңа және айрықша құрылымы болатынына сенім арта отырып;

осы арқылы Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін (бұдан әрі "Банк" деп аталатын) құруға келісті, ол мыналарға сәйкес әрекет етеді:

I тарау

МАҚСАТЫ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ МҮШЕЛІК

1-бап МАҚСАТЫ

ЕҚДБ мақсаты экономикалық прогреске және реконструкциялауға өз үлесін қоса отырып, көппартиялы демократия, плюрализм мен нарықтық экономика қағидаттарын ұстанған және оларды өмірге енгізетін Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде нарыққа бағдарланған ашық экономикаға өтуге, сондай-ақ жеке және кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Осы шарттардың орындалуын ескере отырып, Банк мүшелері иеленетін дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үш бөлігін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданған оның шешіміне сәйкес Банктің мақсатына: **i) Моңғолияда; ii) Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізінің Банкке мүше елдерінде және iii) Африкада Сахарадан оңтүстікке қарай Банкке мүше елдердің шектеулі санында, бұл ретте ii) және iii) тармақтарда аталған әрбір жағдайда да қол жеткізуге болады.** Осыған байланысты осы Келісімдегі және оған қосымшалардағы "Орталық және Шығыс Еуропа елдері", "Орталық және Шығыс Еуропадағы елдер", "алушы ел (немесе алушы елдер)" немесе "алушы ел, Банк мүшесі (немесе алушы елдер, Банк мүшелері)" деген кез келген сілтеме Моңғолияға да және Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізінің және Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африканың осындай елдерінің әрқайсысына да қатысты болады

Ескерту. 1-бап жана редакцияда – ҚР 17.01.2025 № 159-VIII Заңымен.

2-бап ФУНКЦИЯЛАРЫ

1. Банк Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің рынокқа негізделген ашық экономикаға өтуіне ықпал ету мен жеке және кәсіпкерлік бастаманы дамыту жөніндегі

өзінің мақсатына ұзақ мерзімді негізде қол жеткізу үшін алушы-елдер, Банкке мүше-елдер экономикасының дүниежүзілік экономикаға толығымен қосылуына көмек көрсету үшін:

(i) жеке және өзге мүдделі инвесторлар арқылы өнімді, бәсекеге қабілетті және жеке кәсіпкерлік қызметті, атап айтқанда, шағын және орта кәсіпкерлікті орнықтыруға, дамытуға және кеңейтуге ықпал ету;

(ii) (i)-тармақта көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы капиталды, сондай-ақ басқару іс-тәжірибесін тарту;

(iii) жеке және кәсіпкерлік бастаманы қолдау қажет болғанда бәсекелестік ортаны құруға және еңбек өнімділігін, өмір сүру деңгейін жоғарылатуға, сондай-ақ еңбек жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін ауқымды инвестициялар, оның ішінде қызмет көрсету және қаржы салалары мен тиісті инфрақұрылымдарға инвестициялар салуға ықпал ету;

(iv) жеке, сонымен бірге арнайы инвестициялық жобалар шеңберіндегі тиісінше бағдарламаларды дайындауға, қаржыландыруға және жүзеге асыруға техникалық көмек көрсету;

(v) капитал рыноктарын дамытуды ынталандыру және қолдау көрсету;

(vi) бір елден астам мүше-алушы қатысатын негізделген және экономикалық қабілетті жобаларды қолдау;

(vii) өзінің барлық қызметінде экологиялық таза және тұрақты дамуға ықпал ету; және

(viii) аталған функцияларды орындауға ықпал ететін осындай өзге қызметті жүзеге асыру және осындай өзге қызметтерді көрсету жолымен аталған елдерде демонополизацияны, орталықсыздандыруды және мемлекет меншігінен шығаруды (жекешелендіруді) қоса алғанда құрылымдық және салалық экономикалық реформаларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген функцияларды орындау кезінде Банк өзінің барлық мүшелерімен тығыз ынтымақтастықта және Халықаралық Валюта Қорымен, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен, Халықаралық Қаржы Корпорациясымен, Капитал салымдарына кепілдік беру және экономикалық ынтымақтастықты және дамуды ұйымдастыру жөніндегі көпжақты агенттігімен жасалған осы Келісімнің шеңберінде тиімді деп есептейтін нысанда жұмыс істейді, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымымен және оның мамандандырылған мекемелерімен және басқа мүдделі органдарымен, сонымен бірге Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі экономикалық даму мен инвестицияларға байланысты кез келген бұқаралық-құқықтық немесе жеке ұйымдармен ынтымақтастық орнатады.

3-бап МҮШЕЛІК

1. Банкке мүшелікке:

(i) Халықаралық Валюта Қорының мүшелері болып табылатын (1) еуропа елдері мен (2) еуропадан тыс елдер; және

(ii) Еуропа экономикалық қауымдастығы және Еуропа Инвестициялық Банкі кіре алады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мүше болуға құқығы бар, бірақ осы Келісімнің 61-бабына сәйкес мүшелікке қабылданбаған елдер, егер дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісі дауыс беретін болса, Банк белгілеген шарттармен қабылданады.

II тарау

КАПИТАЛ

4-бап ШЫҒАРУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

1. Шығаруға рұқсат етілген бастапқы акционерлік капитал он миллиард (10 000 000 000) ЭКЮ мөлшерінде белгіленеді. Ол әрқайсысы номиналы он мың (10 000) ЭКЮ болатын бір миллион (1 000 000) акцияға бөлінеді, оларға осы Келісімнің 5-бабының талаптарына сәйкес мүшелер ғана қол қоя алады.

2. Бастапқы акционерлік капитал төленетін акцияларға және талап бойынша төленуге тиіс акцияларға бөлінеді. Төленетін акциялардың бастапқы жалпы атаулы (номиналды) сомасы үш миллиард (3 000 000 000) ЭКЮ құрайды.

3. Банктің шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталы тиімді деп танылған мерзімде және шарттарда, егер дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісі дауыс беретін болса, ұлғайтылады.

5-бап АКЦИЯЛАРҒА ЖАЗЫЛУ

1. Әрбір мүше өз заңдарының талаптарын орындаған жағдайда Банктің акционерлік капиталының акцияларына жазылады. Шығаруға рұқсат етілген бастапқы акционерлік капиталға қандай да болмасын жазылу төленетін және талап бойынша төленуге жататын акцияларға үштің (3) жетіге (7) қатынасында жүзеге асырылады. Осы Келісімге қол қойған және осы Келісімнің 61-бабына сәйкес мүше болған тараптар қол қоятын акциялардың бастапқы саны А қосымшасында белгіленген. Әрбір мүше бастапқыда кемінде жүз (100) акцияға қол қоюы керек.

2. Еуропа экономикалық қауымдастығымен және Еуропа инвестициялық банкімен бірге Еуропа Экономикалық Қауымдастығына мүше-елдерге тиесілі акционерлік капиталдың проценттік үлесінің жазылу жүргізілетін акционерлік капитал жалпы сомасының көпшілігіне сәйкес келетін деңгейден төмендеуіне әкеп соғатын (алып келетін) акцияларға жазылу жүргізілмеген жағдайда осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес мүшелікке қабылданған елдер қол қоюы тиіс акциялардың бастапқы санын Басқарушылар кеңесі белгілейді.

3. Басқарушылар кеңесі Банктің акционерлік капиталын кемінде бес (5) жылда бір рет қайта қарайды. Шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталдың мөлшері ұлғайтылған жағдайда әрбір мүше аталған ұлғайту алдында тікелей жазылу жүргізілген Банктің акционерлік капиталының жалпы мөлшеріне қатысты жазылу жүргізілген акциялардың үлесіне бара-бар акционерлік капиталдың ұлғаюынан белгілі бір тепе-тең үлеске Басқарушылар кеңесі белгілейтін бірыңғай шарттарда жазылу мүмкіндігін алады. Мүшенің ешқайсысы акционерлік капитал мөлшері ұлғаюының қандай да бір бөлігіне жазылуға міндетті емес.

4. Осы баптың 3-тармағының талаптары сақталған жағдайда Басқарушылар кеңесі кез келген мүшенің өтініші бойынша осы мүшенің жазылу сомасын ұлғайта алады немесе осындай ұлғайту Еуропа экономикалық қауымдастығымен және Еуропа инвестициялық банкімен бірге Еуропа Экономикалық Қауымдастығына мүше-елдерге тиесілі акционерлік капиталдың проценттік үлесі жазылу жүзеге асатын акционерлік қоғамның жалпы сомасының көбіне сәйкес келетін төмен деңгейінен төмендеуіне әкеліп соқтырмайтын болса, осы мүшеге шығаруға рұқсат етілген акциялар шегінде басқа мүшелер алмаған акциялар бөлініп беріледі.

5. Мүшелер акцияларды бастапқыда қол қоятын акциялар номиналы бойынша шығарады. Басқа акциялар, егер Басқарушылар кеңесі дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде үштен екісінің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісін құрайтын көпшілік дауыспен акцияларды ерекше жағдайларда басқа шарттармен шығару туралы шешім қабылдаса, номинал бойынша шығарылады.

6. Акциялар кепілдікке салынбауы немесе оларға кез келген басқа тәсілдермен міндеттемелер жүктелмеуі керек, олар осы Келісімнің VII тарауына сәйкес Банктен басқа, ешкімге берілуі мүмкін емес.

7. Мүшелердің акциялар бойынша жауапкершілігі акцияларды шығару сәтінде белгіленген бағасының төленбеген бөлігімен шектеледі. Өзінің мүшелікте тұруына байланысты мүшелер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6-бап ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛГЕН АКЦИЯЛАРДЫ ТӨЛЕУ

1. Төленетін акциялардың есебіне осы Келісімге қол қойған және осы Келісімнің 61-бабына сәйкес мүше болған әрбір тараптың бастапқы жазылу сомасында төлемақы әрқайсысы осындай соманың жиырма (20) проценті бойынша бес (5) жарнамен жүргізіледі. Бірінші жарна әрбір мүшеге осы келісімнің күшіне ену күнінен немесе егер күшіне енгеннен кейін депозиттелетін болса, оны бекіту, қабылдау немесе 61-бапқа сәйкес мақұлдау туралы құжатты депозиттеу күнінен бастап алпыс (60) күн ішінде төленеді. Қалған төрт жарнаның әрқайсысы алдыңғы жарнаны төлеу мерзімі келген сәттен бастап бір жылдан кейін төленуі тиіс және олардың әрқайсысын әрбір мүше заңдардың талаптарын сақтау арқылы төлейді.

2. Осы баптың 1-бабына сәйкес әрбір жарна сомасынан алынатын төлемақының немесе Осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған мүше төлейтін төлемақының елу (50) проценті жай вексельдермен немесе осындай мүшемен жүктелген және ЭКЮ, АҚШ долларына немесе жапон иеніне деноминацияланған басқа міндеттемелермен төленуі мүмкін, Банкке өз операциялары бойынша төлем жүргізу үшін қаржы қажет болғанда олар төленуге жатқызылады. Мұндай вексельдер немесе міндеттемелер айналымнан тыс, процентсіз немесе Банктің талабы бойынша номинал бойынша төленуі керек. Осындай вексельдер немесе міндеттемелер тиісті уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін әрбір мүшеге төлеуге ұсынылған сәтте олардың ЭКЮ-де есептелген сомасы вексельдер мен міндеттемелерді депозиттеуші осындай әрбір мүше жазылған немесе иелік ететін төленетін акциялардың санына пропорционал болатындай төлеуге жатқызылады.

3. Кез келген мүшенің бастапқы акционерлік капиталдың акцияларына жазылуға қатысты барлық төлемдік міндеттемелері 1989 жылғы 30 қыркүйектен 1990 жылғы 31 наурызды қоса алғанда кезеңдегі тиісінше валютаның ЭКЮ қатысты орташа айырбастау бағамы негізінде ЭКЮ, АҚШ долларында немесе жапон иенінде орындалады.

4. Банктің жазылу жүргізілген, талап бойынша төленуге тиіс акционерлік капиталы есебіне сомаларды төлеу осы Келісімнің 17 және 42-баптарын есепке ала отырып талап бойынша, бұл Банкке өз міндеттемелерін орындау үшін қажет болғанда ғана жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағында аталған талап қойылған жағдайда мүше төлемді ЭКЮ, АҚШ долларымен немесе жапон иенімен жүргізеді. Талап бойынша төленуге тиіс әрбір акцияға қатысты алып қойылған сәтте ЭКЮ есептелген құны бойынша осындай бірдей болуы керек.

6. Банк кез келген төлемнің орнын осы бап бойынша, осындай анықтауға дейін Банктің сенім жүктелген адам ретінде Еуропа инвестициялық банкіне осы баптың 1-тармағында айтылған бірінші жарна төленген жағдайда Басқарушылар кеңесінің бастапқы (алғашқы) отырысынан кейін бір айдан кешіктірмей анықтайды.

7. Акцияларға осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілгеннен өзге шарттармен жазылған жағдайда мүше Банктің акционерлік капиталының шығаруға рұқсат етілген төленетін акцияларына жазылуға қатысты төлемдер ЭКЮ, АҚШ долларымен немесе жапон иенімен не қолма-қол ақшамен, не жай вексельдермен, не басқа міндеттемелермен жүргізіледі.

8. Осы баптың мақсаттары үшін ЭКЮ төлеу немесе деноминациялау төлем жүргізу немесе тиісінше міндеттеменің құнын ЭКЮ инкассациялау күніне бара-бар кез келген толықтай айырбасталымды валютада төлеуден немесе деноминациялаудан тұрады.

7-бап ЖАЙ НЕГІЗГІ РЕСУРСТАР

Банктің "жай негізгі ресурстары" ұғымы осы Келісімде қолданылған мағынасында мынадай түсініктерден тұрады:

(i) Банктің шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталы, оның ішінде төленетін акциялар және осы Келісімнің 5-бабы бойынша жазылу жүзеге асырылған, талап бойынша төленуге тиіс акциялар;

(ii) Осы Келісімнің 20-бабының (i)-тармағында анықталған өкілеттіктер негізінде банктің қарыз алу арқылы алынған қаржы, оларға осы Келісімнің 6-бабының 4-тармағында айтылған талаптар бойынша міндеттемелер жатады;

(iii) қарыздарды өтеу есебінен немесе кепілдіктер бойынша алынған қаржы, сондай-ақ акционерлік капиталға осы баптың (i) және (ii) тармақшаларында аталған ресурстар есебінен салынған инвестицияларды іске асырудан түскен ақшалай түсім;

(iv) берілген қарыздардан және акционерлік капиталға осы баптың (i) және (ii) тармақшаларында аталған ресурстар есебінен салынған инвестициялардан алынған табыстар, және кепілдіктерден және банктің арнайы операцияларына жатпайтын бағалы қағаздарды кепілді орналастырудан алынған табыстар; және

(v) осы Келісімнің 19-бабында аталған арнайы қорлар ресурстарының бір бөлігі болып табылмайтын Банктің кез келген өзге қаржысы немесе алынған табыстары жатады.

III тарау

ОПЕРАЦИЯЛАР

8-бап АЛУШЫ-МЕМЛЕКЕТТЕР ЖӘНЕ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Банктің ресурстары мен қызметтері осы Келісімнің сәйкесінше 1 және 2-баптарында айқындалған оның мақсаты қол жеткізу және оның функцияларын орындау үшін ғана пайдаланылады.

2. Банк өз операцияларын нарыққа негізделген экономикаға өтуді, жеке және кәсіпкерлік бастаманы дамытуды біртіндеп жүзеге асыратын және нақты шаралар арқылы немесе кез келген өзге жолдармен осы Келісімнің 1-бабында жазылған қағидаттарды қолданатын Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде жүргізеді.

3. Егер қандай да бір мүше осы Келісімнің 1-бабына қайшы келетін саясатты жүзеге асыратын болса немесе төтенше жағдайларда Директорлар кеңесі осындай мүшенің банктің ресурстарына қол жеткізуін тоқтату немесе қандай да бір өзге өзгерістер туралы мәселені қарайды және басқарушылар кеңесіне тиісінше ұсыныстар жасай алады. Басқарушылар кеңесі осындай мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшінші мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен кез келген шешім қабылдайды.

4. (i) Ықтимал алушы-кез келген мемлекет Банкке осы Келісім күшіне енгеннен басталатын үш (3) жыл кезеңге шектеулі мақсаттар үшін оның ресурстарына қол

жеткізу мүмкіндігін туғызу туралы өтініш жасай алады. Осындай кез келген өтініш жасалысымен, ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін болады.

(ii) Осындай кезең ішінде:

(а) Банк осы Келісімнің 11-бабының 3-тармағында белгіленген қатынас сақталған жағдайда осындай мемлекетке және оның аумағындағы кәсіпорындарға олардың өтініші бойынша техникалық көмек және оның жеке секторын қаржыландыруға, мемлекеттік кәсіпорындардың жеке меншікке және жеке бақылауға өтуін жеңілдетуге және бәсекелестік орта жағдайында әрекет ететін және нарыққа негізделген экономикаға қатысуға өтетін кәсіпорындарға көмек көрсетуге бағытталған өзге көмек түрлерін көрсетеді.

(б) осындай кез келген көмектің жалпы сомасы қолма-қол төлемдердің және осындай мемлекеттің акциялар бойынша ұсынған жай вексельдерінің жалпы сомасынан аспайды.

(iii) Осындай кезеңнің соңында Басқарушылар кеңесі дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде сексен бес (85) процентінің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде төрттен үшіннің көпшілігімен осындай мемлекетке (а) және (б)-тармақтарында көрсетілген шектеулер шегінен шығатын қол жеткізулердің берілуі туралы шешім қабылдайды.

9-бап ЖАЙ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

Банктің операциялары осы Келісімнің 7-бабында айтылған Банктің жай негізгі ресурстарынан қаржыландырылатын жай операциялардан және осы келісімнің 19-бабында айтылған арнайы қорлар ресурстарынан қаржыландырылатын арнайы операциялардан тұрады. Операциялардың екі түрінің аралас келуі мүмкін.

10-бап ОПЕРАЦИЯНЫ БӨЛУ

1. Банктің жай негізгі ресурстары және арнайы қорларының ресурстары үнемі және барлық жағдайларда есепке алынады, пайдаланылады, міндеттемелер бойынша беріледі, инвестицияға салынады және бір-бірінен бөлек өзге түрде орналастырылады. Банктің баланстық шоттарында банктің резервтері оның жай операцияларымен бірге көрсетіледі, ал арнайы операциялар бөлек (жеке көрсетіледі).

2. Банктің жай негізгі ресурстары ешқандай жағдайларда шығындарды жабу және арнайы операциялардан немесе бастапқыда арнайы қорлардың ресурстары пайдаланылған немесе пайдалану көзделген өзге қызметтен туындайтын міндеттемелерді орындау үшін жұмсалмауы немесе пайдаланылмауы керек.

3. Жай операциялар бойынша тікелей шығындар банктің жай негізгі ресурстары есебінен өтеледі. Арнайы операциялар бойынша тікелей шығыстар арнайы қорлар ресурстары есебінен өтеледі. Кез келген өзге шығыстар, осы Келісімнің 18-бабының 1-тармағының талаптары сақталған жағдайда банктің қарауы бойынша жүзеге асырылады.

11-бап ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

1. Банк осы Келісімнің 1 және 2-баптарында баяндалған өз мақсатына және функцияларына сәйкес өз операцияларын кез келген немесе барлық төменде аталған тәсілдермен жүргізеді:

(i) қарыздар беру, болмаса көп жақты институттармен, коммерциялық банктермен немесе өзге мүдделі мекемелермен бірге қаржыландыру, болмаса жеке сектор кәсіпорындарына, бәсекелестік жағдайында жұмыс істейтін және нарыққа негізделген экономикаға өтуге қатысатын кез келген мемлекеттік кәсіпорынға қарыз беруге қатысу және кез келген мемлекеттік кәсіпорынның жеке меншікке өтуін және жеке бақылауға алынуын жеңілдету мақсатында; атап айтқанда осындай кәсіпорындарда жеке және/немесе шетел капиталының қатысуына ықпал ету немесе жеңілдету үшін берілетін қарыздар;

(ii) (a) жеке сектор кәсіпорындарының акционерлік капиталына салынатын инвестициялар;

(б) бәсекелестік жағдайында жұмыс істейтін және нарыққа негізделген экономикаға өтуге қатысатын кез келген мемлекеттік кәсіпорынның акционерлік капиталына салынатын инвестициялар, және кез келген жеке меншікке өтуін және жеке бақылауға алынуын жеңілдету мақсатында; атап айтқанда осындай кәсіпорындарда жеке және/немесе шетел капиталының қатысуына ықпал ету немесе оны жеңілдету үшін кез келген мемлекеттік кәсіпорынның акционерлік капиталына салынатын инвестициялар;

(с) басқа қаржыландыру әдістері тиімсіз болғанда, жеке сектор кәсіпорындары, сондай-ақ жоғарыда (б)-тармағында аталған мемлекеттік кәсіпорындарда шығарылатын бағалы қағаздарды осы тармақшада көрсетілген мақсаттар үшін кепілді орналастыру;

(iii) жеке сектор кәсіпорындарының және осы тармақтың (i) тармақшасында аталған басқа кәсіпорындардың сол тармақшада көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуі үшін қаржыландырудың басқа тәсілдерін қолдану тиімсіз болғанда кепілдіктер беру арқылы, сондай-ақ қаржы кеңестерін беру және басқа нысандарда көмек көрсету жолымен ішкі және халықаралық капитал рыноктарына қол жеткізуін жеңілдету;

(iv) арнайы қорларды олардың пайдаланылуын айқындайтын келісімдерге сәйкес орналастыру; және

(v) жеке секторды дамытуға және нарыққа негізделген экономикаға көшуге қажетті табиғат қорғау бағдарламаларын қоса алғанда инфрақұрылымды қайта құруға немесе дамыту үшін қарыздар беру немесе оған қатысу және техникалық көмек көрсету.

Осы тармақтың мақсаттары үшін бәсекелестік нарықтық ортада дербес қызмет ететін және банкроттық туралы заңдарға сәйкес келетін кәсіпорындар ғана бәсекелестік нарықтық ортада қызмет ететін мемлекеттік кәсіпорындар болып есептеледі.

2. (i) Директорлар кеңесі Банктің әрбір алушы-мемлекетте жүзеге асырылатын операцияларын және оның осы Келісімнің 1 және 2-баптарында анықталған Банк мақсаты мен функцияларын толықтай сақталуын қамтамасыз ету үшін қарыздар беру саласындағы стратегиясын жылына кемінде бір рет қарайды. Осындай қарау

нәтижесінде туындайтын кез келген шешім дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін директорлардың кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

(ii) Аталған қарау көрсетілгендерден өзге, әрбір алушы-мемлекеттің орталықсыздандыру, демонополизациялау және мемлекет меншігінен алу (жекешелендіру) саласындағы жетістіктерін қарастырудан, сондай-ақ Банктің жеке кәсіпорындарға, рынокқа негізделген экономикаға өтуге қатысу немесе мемлекет меншігінен шығару (жекешелендіру) процесінде инфрақұрылымға, техникалық көмек көрсетуге және басқа мақсаттарға беретін қарыздардың салыстырмалы үлестерін қараудан тұрады.

3. (i) Мемлекеттік секторға барлық қарыздардың, кепілдіктердің және акционерлік капиталға салынатын Банктің осы бапта аталған оның басқа операцияларына зиян келтірілмей берілетін инвестициялары сомаларының кемінде қырық (40) проценті беріледі. Көрсетілген проценттік шектеу алғашқыда Банк операциялары жүргізілгеннен бастап екі жылдық кезең ішінде қолданылады, бұл ретте екі жылдық мерзім ретінде екі жылдық кезең қатарынан екі (2) жыл мағынасында түсіну керек, кейіннен көрсетілген шектеу әрбір кейінгі қаржы жылына қатысты болады.

(ii) Кез келген елдің мемлекеттік секторына барлық қарыздардың, кепілдіктердің және акционерлік капиталға салынатын Банктің осы бапта аталған оның басқа операцияларына зиян келтірілмей берілетін инвестициялары сомаларының кемінде қырық (40) проценті бес жылдық кезеңге беріледі, бұл ретте бес жылдық кезең қатарынан бес (5) жыл мағынасында керек.

(iii) Осы тармақтың мақсаттары үшін:

(a) мемлекеттік секторға орталық және жергілікті билік органдары, олардың мекемелері, сондай-ақ олардың меншігіндегі немесе олардың бақылауындағы кәсіпорындар кіреді;

(б) жеке меншікке өтуге және жеке бақылауға беруге бағытталған бағдарламаны жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның акционерлік капиталына салынған қарыз немесе кепілдік, болмаса инвестиция мемлекеттік секторға берілген ретінде қарастырылмайды;

(с) жеке секторға беру мақсатында қаржы делдалына берілетін заемдар мемлекеттік секторға берілген ретінде қарастырылмайды.

12-бап ЖАЙ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ШЕКТЕУЛЕР

1. Директорлар кеңесі Банктің қаржылық салауаттылығы мен орнықтылығын қорғау үшін капиталдың жеткіліктілігі өлшемдеріне қатысты тиісті шектеулерді белгілейді және оларды ұстанады.

2. Акционерлік капиталға салынған қандай да болмасын инвестицияның сомасы тиісінше кәсіпорынның акционерлік капиталының Директорлар кеңесі жалпы ережелер бойынша тиімді деп белгілеген проценттік үлесінен аспауы керек. Банктің қандай да

бір инвестицияларының қайтарылмағандығы, Банктің капитал салған кәсіпорынның нақты төлем қабілетсіздігі немесе төлемеу және төлем қабілетсіздігі қатерінің болуы, не Банктің ойынша аталған инвестицияларға қатер төнуі мүмкін басқа жағдайларды қоспағанда, Банк осындай инвестициялар арқылы тиісінше кәсіпорын акцияларының бақылау пакетін алуға тырыспайды және кез келген кәсіпорынға бақылау жүргізбейді немесе оны басқару үшін тікелей жауапкершілікті мойнына алмайды; бұл жағдайда Банк өз мүддесін қорғауға қажетті шараларды қабылдайды және құқықтарды жүзеге асырады.

3. Банктің төленген акционерлік капиталға салынған инвестициясының сомасы жазылу жүргізілген Банктің міндеттеме жүктелмеген төленген капиталының, актив сальдоның және жалпы резервтер сомасынан аспауы керек.

4. Банк экспорттық кредиттер бойынша кепілдіктер бермейді және сақтандыру қызметімен айналыспайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.01.2025 № 158-VIII Заңымен.

13-бап ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Банк төмендегі қағидаларға сәйкес қызмет етеді:

- (i) Банк барлық операцияларында банкілік қағидаларды басшылыққа алады;
- (ii) Банк операциялары жекелеген және инвестициялық бағдарламалар шеңберіндегі нақты жобаларды, сондай-ақ осы Келісімнің 1 және 2-баптарында белгіленген мақсатына және функцияларына сәйкес техникалық көмек көрсетуді қаржыландыруды қамтамасыз етеді;
- (iii) Банкке мүше-ел қарсы болғанда, Банк оның аумағындағы іс-шараларды қаржыландырмайды;
- (iv) Банк өз ресурстарының қандай да бір мүшесінің пайдасына пайдаланылуына жол бермейді;
- (v) Банк өзінің барлық ресурстарын әртараптандырып орналастыруға тырысады;
- (vi) қандай да бір қарыз, кепілдіктер немесе акционерлік капиталға салынатын инвестициялар берілгенге дейін, өтініш беруші тиісінше ұсыныс жасауы керек, ал Банк Президенті Банк қызметкерлері жүргізген зерттеулер негізінде ұсынымдар беру арқылы осы ұсынысқа қатысты жазбаша қорытындыны Директорлар кеңесіне береді;
- (vii) өтініш беруші Банктің ойынша тиімді болып табылатын басқа қаржы көздерінен жеткілікті мөлшерде қаржыландыратын болса немесе қызмет көрсетілетін болса, ол Банк тарапынан қаржыландырылмайды және қызмет көрсетілмейді;
- (viii) қаржы немесе қаржыландыруға кепілдік беру кезінде Банк заем алушының және оның кепілгерінің қаржыландыру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін есепке алады;
- (ix) Банк қарызды тікелей бергенде, қарыз алушы Банктен шығыстардың болуына қарай қаражатты пайдалануға рұқсат алады;

(х) Банк осындай операцияларды тиімді шарттармен жүзеге асыратын кезде, жеке инвесторларға өзінің инвестицияларын сату арқылы өз қорларын мерзімді жаңартуға талпынады;

(хі) Банк дербес кәсіпорындарды инвестициялау кезінде кәсіпорынның қажеттіліктерін, Банктің тәуекелдерін, осындай қаржыландыру кезіндегі жеке инвесторлардың тәуекелдерін ескере отырып, өзіне қолайлы шартпен қаржыландырады ;

(хii) Банк қарыздың, инвестициялардың немесе басқа қаржыландыру көздерінің қаражаты есебінен кез келген мемлекеттен тауарлар және қызметтер сатып алуға ешқандай шектеу қоймайды және осындай жағдайлардың барлығында Банк қарыз береді және халықаралық сауда жүргізу шарттарына сәйкес өзге операцияларды жүргізеді; және

(хiii) Банк өзі берген немесе кепілдік еткен қарыздың немесе Банктің қатысуымен не Банктің акционерлік капиталға қатысуымен берген қарыздың берілген мақсаттарға пайдаланылуына қажетті шараларды үнемділік және тиімділік қағидаларын ескере отырып қабылдайды.

14-бап ҚАРЫЗДАР МЕН КЕПІЛДІКТЕР БЕРУ ШАРТТАРЫ

1. Банк қарыз бергенде, оларға Банк қатысқанда немесе Банк кепілдіктер бергенде аталған қарызды немесе кепілдікті беру шарттары, оның ішінде негізгі заемды, процентті, алымдарды, үстемелерді төлеу шарттары, заем немесе кепілдік бойынша төлем жасау мерзімдері мен күндері шартта белгіленеді. Осы шарттар белгіленген жағдайда Банк өз табысын қамтамасыз ету қажеттілігін толық көлемде есепке алады.

2. Заем алушы немесе заемдар бойынша кепілдік алушы Банкке мүше болмаса, бірақ мемлекеттік кәсіпорын болса, жеке меншікке және дербес бақылауға өтетін бұқаралық-құқықтық және мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты түрлі тәсілдерді есепке ала отырып, аталған жоба орындалатын аумақтағы мүшеден немесе мүшелерден , немесе қандай да бір бұқаралық-құқықтық мекемеден немесе осы мүшенің немесе мүшелерінің Банкке қолайлы басқа органдарынан негізгі қарызды өтеу және проценттер, сондай-ақ қарыз бойынша басқа алымдар мен үстемелерді оның шарттарына сәйкес төлеуге кепілдік беруін талап ете алады. Директорлар кеңесі Банктің кредит беру қабілетіне тиісінше көңіл аудара отырып, оның осы саладағы іс-тәжірибесін жыл сайын қарастырады.

3. Қарыз немесе кепілдік туралы шартта Банкке осы заем немесе кепілдік бойынша барлық төлемдер жүзеге асырылатын валюта немесе валюталар болмаса ЭКЮ белгіленеді.

15-бап КОМИССИЯ ЖӘНЕ АЛЫМДАР

1. Проценттерден басқа Банк берген заемдары немесе өзі қатысатын заемдар бойынша жүргізген жай операциялары бойынша комиссия алады.

Комиссияны төлеу шарттарын Директорлар кеңесі белгілейді.

2. Заемдар бойынша кепілдік беру кезінде өзінің жай операциялары шеңберінде немесе бағалы қағаздарды кепілді орналастыру кезінде Банк өз тәуекелдеріне тиісінше өтемақы қамтамасыз ету үшін алымдар алады, олар Директорлар кеңесі белгілеген ставкалар бойынша және мерзімдерде төленеді.

3. Директорлар кеңесі Банктің жай операциялары бойынша алатын кез келген басқа үстемелерін, сондай-ақ арнайы операциялары бойынша кез келген комиссиялар, алымдар және өзге үстемелер белгілей алады.

16-бап АРНАЙЫ РЕЗЕРВ

1. Банктің осы Келісімнің 15-бабына сәйкес алған комиссиялары мен алымдарының сомасы осы Келісімнің 17-бабына сәйкес Банктің шығындарын жабуға арналған арнайы резерв ретінде бөлінеді. Арнайы резерв банк белгілейтін өтімді нысанда ұсталады.

2. Директорлар кеңесі арнайы резервтің мөлшері жеткілікті деп шешсе, алдағы уақытта аталған комиссиялар немесе алымдар толығымен немесе біртіндеп Банк табысының бір бөлігін құрайтындығы туралы шешім қабылдауы мүмкін.

17-бап БАНКТІҢ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

1. Банк өзі берген заемдар, өзінің қатысуымен немесе кепілдік берген Заемдар бойынша төлем кешіктірілген немесе төленбеген жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздарды кепілді орналастыру және акционерлік капиталға салынған инвестициялар бойынша шығынға ұшыраған жағдайда Банк жай операцияларын жүзеге асыру кезінде тиісінше шаралар қабылдайды. Банк ықтимал шығындар үшін тиісінше резервтер қалыптастырады.

2. Банктің жай операциялары бойынша шығындарға мыналар жатады:

- (i) біріншіден, осы баптың 1-тармағында аталған резервтерге;
- (ii) екіншіден, таза табысқа;
- (iii) үшіншіден, осы Келісімнің 16-бабында көзделген арнайы резервтің шотына;
- (iv) төртіншіден, оның жалпы резервіне және бөлінбеген пайдаға;
- (v) бесіншіден, міндеттеме жүктелмеген (қойылмаған) төленетін капиталға;

(iv) ең соңында, жазылу жүргізілген және осы Келісімнің 6-бабының 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес талап бойынша төленуге тиіс пайдаланылмаған капиталдың тиісінше бөлігіне жұмсалатын шығындар жатады.

18-бап АРНАЙЫ ҚОРЛАР

1. i) Банк **алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде** Банктің мақсатына қол жеткізуге және оның функцияларын орындауға арналған арнайы қорларды басқаруды мойнына алуы мүмкін. Мұндай кез келген арнайы қорды басқару жөніндегі барлық шығыстар осы арнайы қорға жатады.

ii) i) тармақшасының мақсатында Басқарушылар кеңесі **Банктің алушы ел болып табылмайтын мүшесінің өтініші бойынша банктің мұндай мүшесін осындай шектеулі уақыт кезеңі ішінде және өзі орынды деп санайтын шарттармен әлеуетті алушы елге**

қойылатын талаптарға сай келеді деп есептеу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Көрсетілген шешім Банк мүшелері иеленетін дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданады.

iii) Банктің сол немесе өзге де мүшесі әлеуетті алушы елге қойылатын талаптарға сай келеді деп есептелетін шешімді аталған Банк алушы елге қойылатын талаптарды орындай алатын жағдайда ғана қабылдауға болады. Көрсетілген талаптар, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген шешімді қабылдау кезіндегі редакциясында немесе мұндай шешімді қабылдау кезінде Директорлар кеңесі бекітіп қойған түзету күшіне енгеннен кейін болатын редакциясында келтірілген.

iv) Егер ii) тармақшасында көрсетілген уақыт кезеңінің аяғында әлеуетті алушы елге алушы ел мәртебесі берілмеген болса, онда Банк арнайы қордың активтерін ұйымдасқан түрде сату, консервациялау және сақтау процесіне, сондай-ақ осы активтерге қатысты міндеттемелер бойынша есеп айырысу жүргізуге байланысты жағдайларды қоспағанда, осы елдегі барлық арнайы операцияларды жүргізуді дереу тоқтатады.

2. Банктің арнайы қорлардан алған қаражатын **алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде** Банктің мақсаттары мен функцияларына, осы Келісімнің көрсетілген қорларға қатысты басқа да қолданыстағы ережелеріне, келісімге немесе келісімдерге сәйкес келетін кез келген түрде және кез келген шарттарда пайдалануға болады.

3. Банк әрбір арнайы қорды құру, оны басқару және оның қаражатын пайдалану үшін оған қажет болатын қағидалар мен нормаларды белгілейді. Көрсетілген қағидалар мен нормалар, Банктің тек жай операцияларына қатысты нақты қолданылатын ережелерді қоспағанда, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.03.2013 № 84-V Заңымен.

19-бап АРНАЙЫ ҚОРЛАР РЕСУРСТАРЫ

"Арнайы қорлар ресурстары" ұғымы кез келген арнайы қордың ресурстарына қатысты және ол мыналардан тұрады:

- (i) қандай да болмасын арнайы қорға қосу үшін Банк қабылдаған қаржы;
- (ii) заемдарды өтеуге немесе кепілдіктер бойынша төленген қаржы, сондай-ақ қандай да бір арнайы қордың ресурстарынан қаржыландырылатын акционерлік капиталға салынған инвестициялардан алынған қаржы, оларды аталған арнайы қорлар осындай арнайы қорды реттейтін ережелер мен тәртіптерге сәйкес алады; және
- (iii) арнайы қорлардың ресурстарынан жүргізілген инвестициялардан алынған табыс.

IV тарау

ЗАЕМ АЛУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

20-бап ЖАЛПЫ ӨКІЛЕТТІКТЕР

1. Осы Келісімнің кез келген басқа ережелерінде анықталған өкілеттіктеріне қосымша, Банктің мынадай өкілеттіктері бар:

(i) мүше-елдерден немесе басқа елдерден міндетті түрде мынадай шарттармен:

(a) мемлекет аумағында өз міндеттемелерін орындаудан бұрын Банк оның келісімін алады;

(б) Банктің міндеттемелері мүше-елдің валютасында көрсетілетін болса, Банк ол елдің келісімін алуы керек;

(ii) Банк операцияларына қажет емес қаржыны инвестициялау немесе депозитке орналастыру;

(iii) Банк шығарған немесе кепілдік еткен, болмаса өз қаржысын салған бағалы қағаздарды екінші қайтара рынокта сатып алу және сату;

(iv) өз қаржысын салған бағалы қағаздарды сатуды жеңілдету мақсатында оларға кепілдік беру;

(v) Банктің мақсаты мен функциялары сәйкес келетін мақсаттар үшін қандай да бір кәсіпорын шығарған бағалы қағаздарды кепілді орналастыру немесе кепілді орналастыруға қатысу;

(vi) өзінің мақсаты және функциялары болып табылатын техникалық кеңес беру және көмек көрсету;

(vii) кез келген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өзінің мақсаты мен функцияларын жүзеге асыруға ықпал ететін және қажетті тәртіптер мен шарттарды қабылдайды; және

(viii) кез келген бұқаралық-құқықтық немесе жеке субъектімен немесе субъектілермен ынтымақтастық туралы келісім жасау.

2. Банк шығарған немесе кепілдік еткен әрбір бағалы қағаздың сыртқы бетінде көрінетін жерде, белгілі бір немесе өзге үкіметтің немесе мүшенің міндеттемесі болғанда, осындай міндеттемеде тиісінше белгі қойылатын жағдайларды қоспағанда, осы бағалы қағаз қандай да бір үкіметтің немесе мүшенің міндеттемесі болып табылмайтындығы туралы белгі қойылады.

V тарау

ВАЛЮТАЛАР

21-бап ВАЛЮТАНЫ БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

1. Егер осы Келісімнің мақсаттарын жүзеге асыру үшін қандай да бір валютаның толықтай айырбасталатындығын осы Келісім бойынша анықтау қажет болса, Банк өзінің қаржы мүддесін көздеу қажеттігін негізге ала отырып Банк қажет болғанда Халықаралық Валюта Қорымен кеңесу арқылы валютаны белгілейді.

2. Мүшелер Банктің:

(i) осы Келісімнің 6-бабына сәйкес Банктің акционерлік капиталына жазылу бойынша төлеу есебінен Банк алған валюталарға немесе ЭКЮ;

(ii) қарыз алу кезінде Банк алатын валюта;

(iii) банк арнайы қорлардың түсімі ретінде басқаратын валюталары және басқа ресурстарынан;

(iv) Банк өзінің негізгі қарыз, проценттерді, дивидендтерді немесе заемға қатысты басқа үстемелерді, инвестицияларды немесе осы тармақтың (i)-(iii) тармақшаларында көрсетілген кез келген қаржыдан салынған инвестицияларды іске асырудан ақша түсімдері есебіне төлеуден немесе комиссияларды, алымдар немесе басқа төлемдерді төлеу есебінен алынған валюталар.

VI тарау

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

22-бап ҚҰРЫЛЫМЫ

Банк құрылымы Басқарушылар кеңесінен, Директорлар кеңесінен, Президенттен, бір немесе бірнеше вице-президенттен, сондай-ақ осындай өзге лауазымды тұлғалардан және өзі қажет деп тапқан қызметкерлерден тұрады.

23-бап БАСҚАРУШЫЛАР КЕҢЕСІ: ҚҰРАМЫ

1. Әрбір мүшенің Басқарушылар кеңесінде өкілі болады және бір басқарушы мен оның орынбасарын тағайындайды. Мүшенің қалауы бойынша әрбір басқарушы және оның орынбасары кез келген сәтте қызметін тоқтатуы мүмкін. Басқарушы болмағанда ғана оның орынбасары дауыс беруге қатыса алады. Кеңес өзінің жыл сайынғы әрбір отырысында басқарушылардың бірін төраға етіп сайлайды, ол келесі төраға сайланғанға дейін өз міндеттерін атқарады.

2. Басқарушылар мен оның орынбасарлары өз міндеттерін орындағаны үшін Банктен сыйақы алмайды.

24-бап БАСҚАРУШЫЛАР КЕҢЕСІ: ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

1. Банктің барлық өкілеттіктері басқарушылар кеңесінің құзыретіне жатады.

2. Мыналарды қоспағанда, Басқарушылар кеңесі өз өкілеттіктерін барлығын немесе бір бөлігін Директорлар кеңесіне жүктей алады:

(i) жаңа мүшелерді қабылдау және оларды қабылдау тәртібін белгілеу;

(ii) банктің шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталын ұлғайту немесе азайту;

(iii) мүшелікті тоқтата тұру;

(iv) осы Келісімді түсіндіруге және оны Директорлар кеңесінің қолдануына байланысты апелляциялар бойынша шешім қабылдау;

(v) басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы бас келісімді жасауға өкілеттік беру;

(vi) Банктің директорларын және Президентті сайлау;

(vii) Директорлардың және директорлар орынбасарларының сыйақы, сондай-ақ еңбекақы мөлшерін және Президентпен жасалған шарттың басқа талаптарын белгілеу;

(viii) Аудитордың есебін қарағаннан кейін Банктің жалпы балансын және пайда мен шығындар есебін бекіту;

(ix) Банктің резервтерін анықтау, таза пайдасын бөлу және жұмсау;

(x) Осы Келісімге өзгерістер енгізу;

(xi) Банктің операцияларын түпкілікті тоқтату және оның активтерін бөлу туралы шешім қабылдау;

(xii) Осы Келісімде Басқарушылар кеңесіне тікелей жүктелетін кез келген басқа өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Басқарушылар кеңесі осы баптың 2-тармағына немесе осы Келісімнің өзге ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесіне жүктелген немесе тапсырылған кез келген мәселелер бойынша өкілеттікті толық сақтайды.

25-бап БАСҚАРУШЫЛАР КЕҢЕСІ: РӘСІМ

1. Басқарушылар кеңесі жыл сайынғы мәжілістерді, сондай-ақ Кеңестің бастамасы немесе Директорлар кеңесінің талабы бойынша басқа мәжілістерді өткізеді. Басқарушылар кеңесінің мәжілісін Банктің кемінде бес (5) мүшесінің немесе дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен бірін құрайтын мүшелердің талабы бойынша Директорлар кеңесі шақыртады.

2. Басқарушылардың үштен екісі осындай көпшілік мүшелердің құқығы бар жалпы дауыс санының кемінде үштен екісін құраған жағдайда Басқарушылар кеңесінің кез келген мәжілісінде кворумды құрайды.

3. Басқарушылар кеңесі өз өкімімен дауыс беру рәсімін белгілейді, оған сәйкес Директорлар кеңесі тиімді деп тапқан жағдайда Басқарушылар кеңесінің мәжілісін шақыртпай, қандай да бір нақты мәселе бойынша басқарушыларға сауалнама жүргізу арқылы дауысқа салады.

4. Басқарушылар кеңесі және Директорлар кеңесі өз өкілеттіктері шегінде Банктің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді немесе қажетті тәртіптер мен ережелер қабылдауға және қосалқы органдар құруға құқылы.

26-бап ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ: ҚҰРАМЫ

1. Директорлар Кеңесі жиырма үш (23) мүшеден тұрады, олар Басқарушылар кеңесінің мүшелері болып табылмайды және олардың:

(i) он бір (11) мүшені Бельгияның, Грецияның, Данияның, Ирландияның, Испанияның, Италияның, Люксембургтың, Нидерландтың, Португалияның, Біріккен Корольдіктің, Германия Федеративтік Республикасының, Францияның, Еуропа Экономикалық Қоғамдастығының, Еуропа инвестициялық банкінің мүддесін білдіретін басқарушылар сайлайды, ал

(ii) он екі (12) мүшені басқа мүшелердің мүддесін білдіретін басқарушылар сайлайды, олардың:

(а) төртеуін (4) Банктен көмек алуға құқығы бар, А қосымшасында Орталық және Шығыс Еуропа елдері ретінде аталған елдердің мүддесін білдіретін басқарушылар сайлайды;

(б) төртеуін (4) А қосымшасында басқа еуропалық елдер ретінде көрсетілген елдердің мүддесін білдіретін басқарушылар сайлайды;

(с) төртеуін (4) А қосымшасында еуропалық емес елдер ретінде көрсетілген елдердің мүддесін білдіретін басқарушылар сайлайды;

Басқарушылары сайлаған мүшелердің мүддесін білдіретін директорлар өз дауыстарын берген мүшелердің де мүддесін білдіреді.

2. Директорлар В қосымшасына сәйкес экономикалық және қаржы мәселелерінде біліктілігі жоғары адамдар болып табылады.

3. Басқарушылар кеңесі Банк мүшелерінің санының өзгеруіне байланысты, егер осы үшін дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісі дауыс берсе, онда Директорлар кеңесі мүшелерінің санын ұлғайтуы немесе азайтуы немесе оның құрамын қайта қарауы мүмкін. Кейінгі сайлауға қатысты осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға кедергі келтірмейтіндей етіп, директорлар саны және екінші Директорлар кеңесінің құрамы осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленеді.

4. Әрбір Директор өзі болмағанда оның атынан толықтай іс жүргізу өкілеттігі берілетін орынбасарын тағайындайды. Директорлар және орынбасарлар мүше-елдердің азаматы болуы керек. Бір директор бір ғана елдің мүддесін білдіреді. Орынбасар Директорлар Кеңесінің жиналыстарына қатыса алады, алайда, директордың міндетін атқаратын кездерде ғана дауыс бере алады.

5. Директорлар өз міндеттерін үш (3) жыл бойы атқарады және мына жағдайларда, Директорлар кеңесін Басқарушылар кеңесі өзінің алғашқы мәжілісінде сайласа және өз міндеттерін осыдан кейінгі Басқарушылар кеңесінің кезекті жылдық жиналысына дейін атқарса немесе Кеңес осындай жылдық мәжілісінде өзінің келесі жылдық мәжілісіне дейін осылай деп шешкен жағдайларда, жаңа мерзімге сайланады. Директорлар олардың мұрагерлері сайланғанға және соңғылары өз міндеттерін орындауға кіріскенге дейін өз міндеттерін жалғастырады. Егер Директордың лауазымы осы қызметті атқару мерзімі аяқталғанға дейін жүз сексен (180) күн бойы бос болса, бұрынғы Директорды сайлаған басқарушылар қалған мерзімге оның мұрагерін В қосымшасына сәйкес сайлайды. Осындай сайлауда аталған басқарушылардың көпшілік дауысын жинауы керек. Егер Директордың лауазымы осы қызметті атқару мерзімі аяқталғанға дейін жүз сексен (180) күн немесе одан кем уақыт бойы бос болса, бұрынғы директорды сайлаған басқарушылар дауыс беру жолымен қалған мерзімге мұрагер сайлайды және мұндай сайлау кезінде басқарушылардың көпшілік дауысы қажет. Директордың лауазымы бос болғанда, бұрынғы директордың орынбасары оның орынбасарды тағайындау өкілеттігін қоспағанда, барлық өкілеттіктерін жүзеге асырады.

27-бап ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ: ӨКІЛЕТТІК

Осы Келісімнің 24-бабында көзделгендей Басқарушылар кеңесінің өкілеттігіне нұқсан келтірмей, Директорлар кеңесі Банктің жалпы қызметіне басшылық етілуіне жауап береді және осы мақсат үшін осы Келісіммен берілген өкілеттіктерге қосымша, Басқарушылар кеңесі жүктеген барлық өкілеттіктерді жүзеге асырады, атап айтқанда:

(i) Басқарушылар кеңесінің жұмысын дайындайды;

(ii) Басқарушылар кеңесінің жалпы нұсқауларына сәйкес қарыз, кепілдік, акционерлік капиталға салынған инвестиция беруге, Банктің заем алуына, техникалық көмек көрсету және Банктің басқа операцияларына қатысты саясат белгілейді және шешім қабылдайды;

(iii) Аудиторлар тексерген әрбір қаржы жылына арналған есептілікті әрбір жылдық жиналыста Басқарушылар кеңесіне бекітуге ұсынады;

(iv) Банктің бюджетін бекітеді.

28-бап ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ: РӘСІМ

1. Директорлар Кеңесі Банктің штаб-пәтерінде жұмыс істейді және Банк қызметінің қажеттілігіне қарай мәжіліс өткізеді.

2. Директорлардың көпшілігі, осындай көпшілік дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде үштен екісі болса, Басқарманың кез келген жиналысының кворумын құрайды.

3. Басқарушылар кеңесі Директорлар Кеңесі құрамында өз ұлтының өкілі болмағанда, осы елдің мүддесі ерекше қозғалатын мәселе қарастырылатын жиналысқа дауыс беру құқығынсыз қатысу үшін өз өкілін жіберту туралы өкім қабылдайды.

29-бап ДАУЫС БЕРУ

1. Әрбір мүшенің құқылы дауыс саны Банктің акционерлік капиталындағы оның жазылған акцияларының санына тең болады. Егер қандай да бір мүше осы Келісімнің 6-бабына сәйкес төленетін акцияларға қатысты өз міндеттемелері бойынша соманың қандай да бір бөлігін төлемеген жағдайда, мұндай мүшенің төлемсіздік мерзімі ішінде Банктің акционерлік капиталындағы мүше жазылған төленетін акциялардың жалпы сомасына қатысты төленбеген соманың проценттік үлесіне сәйкес келетін өзіне тиесілі дауыс санының проценттік үлесіне құқығы болмайды.

2. Басқарушылар кеңесінде дауыс беру кезінде әрбір басқарушы өз мүддесін білдіретін мүше үшін дауыс беруге құқығы бар. Осы Келісімде айқын өзгеше көзделген жағдайлардан басқа, басқарушылар кеңесі қарастыратын мәселелер дауыс беруге қатысатын мүшелердің жалпы дауыс санының көпшілігімен шешіледі.

3. Дауыс беру кезінде Директорлар кеңесіндегі әрбір директордың өзін сайлаған басқарушыларға тиесілі дауыстар, сондай-ақ В қосымшасының Д тарауына сәйкес өз дауыстарын берген басқарушылардың дауыстар санына құқығы бар. Бірнеше мүшенің мүддесін білдіретін Директор өз мүддесін білдіретін мүшелер үшін жеке дауыс береді. Осы Келісімде өзгеше көзделген жағдайлардан басқа және мүшелерге тиесілі жалпы

дауыс санының кемінде үштен екісін құрайтын көпшілігімен қабылданатын жалпы саясатқа қатысты шешімдерді қоспағанда, Директорлар кеңесіндегі барлық мәселелер дауыс беруге қатысатын мүшелерге тиесілі жалпы дауыс санының көпшілігімен шешіледі.

30-бап ПРЕЗИДЕНТ

1. Басқарушылар кеңесі мүшелерге тиесілі жалпы дауыс санының кемінде көпшілігінің мүддесін білдіретін басқарушылар жалпы дауыс санының көпшілігімен Банк Президентін сайлайды. Президент осы қызметті атқару барысында басқарушы немесе директор болмаса басқарушының немесе директордың орынбасары бола алмайды.

2. Президенттің өкілеттік мерзімі төрт (4) жыл болады. Ол жаңа мерзімге қайта сайлана алады. Ол өз міндеттерін орындауды осындай шешімге мүшелерге тиесілі жалпы дауыс санының кемінде үштен екісінің мүддесін білдіретін басқарушылар дауыс берген жағдайда, Басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша тоқтатады. Егер қандай да бір себептермен Президенттің орны бос болса, Басқарушылар кеңесі осы баптың 1-тармағына сәйкес оның мұрагерін төрт (4) жыл мерзімге сайлайды.

3. Президент дауыс беруге қатыспайды, алайда дауыстар тең болғанда оның шешуші дауыс құқығы бар. Ол Басқарушылар кеңесінің мәжілістеріне қатысады және Директорлар кеңесінің мәжілістерінде төрағалық етеді.

4. Президент Банктің заңды өкілі болып табылады.

5. Президент Банк қызметкерлерін басқарады. Ол Директорлар Кеңесі белгілеген тәртіпке сәйкес жұмысты ұйымдастыруға, лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлерді тағайындау және жұмыстан босату үшін жауап береді. Лауазымдық тұлғаларды және қызметкерлерді тағайындау кезінде ол тиімділік пен техникалық біліктіліктің маңыздылығын ескере отырып, жағрапиялық аумақтардың барынша кеңінен қамтылуы негізінде қызметкерлер штатын қалыптастыруға айрықша көңіл бөледі.

6. Президент Директорлар кеңесінің басшылығымен Банктің ағымдағы қызметін басқарады.

31-бап ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ(ТЕР)

1. Директорлар Кеңесі Президенттің ұсынысы бойынша бір немесе бірнеше вице-президентті тағайындайды, вице-президент Директорлар Кеңесі белгілейтін мерзім ішінде өз міндеттерін орындайды, өкілеттер береді және Банкті басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. Президент қызметте болмағанда немесе өз өкілеттіктерін орындауға жарамсыз болғанда вице-президент Президенттің өкілеттіктерін жүзеге асырады және функцияларын атқарады.

2. Вице-президент Директорлар кеңесінің жиналысына қатыса алады, бірақ Президенттің өкілеттігін жүзеге атқаратын вице-президент немесе жауапты вице-президент шешуші дауыс беретін жағдайларды қоспағанда, мұндай жиналыстарда дауыс беруге құқығы жоқ.

32-бап БАНКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИПАТЫ

1. Банк өзінің мақсаты мен функцияларына қандай да болмасын жолдармен зиян келтіретін, олардан бас тартуға немесе басқа түрде өзгертуге әкеп соқтыратын арнайы қорларды немесе басқа кредиттерді болмаса көмекті қабылдамайды.

2. Банк, оның Президенті, вице-президент(тер)і, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері өз шешімдерінде осы Келісімде айқындалған Банктің мақсатын, оның функциялары мен операцияларын басшылыққа алады. Мұндай шешім Банктің мақсаты мен функцияларына қол жеткізу және жүзеге асыру тұрғысынан әділдікпен бағаланады.

3. Банктің Президенті, вице-президент(тер)і, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде тек Банкке қызмет етеді және басқа ешқандай билікке бағынбайды. Банктің әрбір мүшесі оның халықаралық мәртебесін мойындайды және өзінің міндеттерін орындау кезінде біреуге ықпал етуге құқылы емес.

33-бап БАНК МЕКЕМЕСІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1. Банктің штаб-пәтері Лондонда орналасқан.

2. Банк агенттіктерін немесе филиалдарын Банктің кез келген мүшелерінің аумағында құра алады.

34-бап ДЕПОЗИТАРИЙЛЕР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС КАНАЛДАРЫ

1. Әрбір мүше Банкпен келісе отырып, осы мүшенің валютасындағы Банкке тиесілі барлық қаражаттың, сондай-ақ банктің басқа активтерінің депозитарий ретінде өзінің орталық банкін немесе басқа кез келген мекемені тағайындайды.

2. Әрбір мүше осы Келісім шеңберінде туындайтын кез келген мәселе бойынша Банк байланыс жасайтын тиісінше ресми органды белгілейді.

35-бап ЕСЕПТЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ БЕРУ

1. Банк аудиторлар тексерген өзінің шоттарының жағдайы туралы өтініштен тұратын жыл сайынғы ресми есебін жариялайды және мүшелеріне үш (3) айда кемінде бір рет өзінің қаржы жағдайы туралы қысқаша есеп және оның операцияларының нәтижелерін көрсетіп пайдалар мен шығыстар есебінен жібереді. Қаржы есептері ЭКЮ-де жүргізіледі.

2. Банк өз қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы жылдық есепті ұсынады және өзінің мақсатына қол жеткізу үшін тиімді болып табылатын кез келген өзге есепті жариялайды.

3. Осы бапта аталған барлық есептердің, шоттардың және жарияланымдардың көшірмесі мүшелерге жіберіледі.

36-бап ТАЗА ТАБЫСТЫ ЖІБЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

1. Басқарушылар кеңесі резервтерге аударымдар және қажеттілікке қарай ықтимал шығындарға аударымдар жасағаннан кейін осы Келісімнің 17-бабының 1-тармағына сәйкес жылына кемінде бір рет Банктің таза табысының қандай бөлігі пайдаға немесе басқа мақсаттарға жіберілетіні, егер бар болса, онда қандай бөлігі бөлуге жататыны

белгіленеді. Банктің таза табысын басқа мақсаттарға жіберу туралы шешім мүшелерге тиесілі жалпы дауыс санының кемінде үштен екісінің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісін құрайтын көпшілігімен қабылданады. Таза табысты осылай бөлу және тарату жалпы резерв шығаруға рұқсат етілген акционерлік капитал мөлшерінің он (10) процентіне жеткенде жүзеге асырылады.

2. Алдыңғы тармақта аталған қаражатты бөлу әрбір мүшеге тиесілі төленген акцияларды санау кезінде қолма-қол ақшамен төленген және тиісінше қаржы жылының соңынан кешіктірмей осындай акциялар бойынша жай вексельдермен инкассоцияланған акциялар есепке алынған жағдайда, осындай акциялардың санына бара-бар жүзеге асырылады.

3. Әрбір мүшеге төлем Басқарушылар кеңесі белгілеген тәсілмен жүзеге асырылады. Осындай төлемдер және оларды алушы-мемлекеттің пайдаланылуы қандай да болмасын мүшенің шектеуінсіз жүзеге асырылады.

VII тарау

МҮШЕЛІКТЕН ШЫҒУ ЖӘНЕ МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТУ: ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ТҮПКІЛІКТІ ТОҚТАТУ

37-бап МҮШЕЛІКТЕН ШЫҒУ ҚҰҚЫҒЫ

1. Әрбір мүше Банктің штаб-пәтеріне жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта Банктен мүшеліктен шыға алады.

2. Банк хабарлама алған күннен алты айдан (6) кейін ғана, мүшенің жазбаша хабарламада көрсеткен күні мүшеліктен нақты шығарылған және мүшелік тоқтатылған күн болып саналады. Бұл ретте мүшеліктен шығу түпкілікті күшіне енгенге дейін мүше Банкке мүшеліктен шығатындығы туралы өз хабарламасынан бас тартатындығы жөнінде жазбаша түрде хабарлама жасай алады.

38-бап МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ

1. Егер қандай да бір мүше Банк алдындағы қандай да болмасын міндеттемелерін орындамаған жағдайда, дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде үштен екісінің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісін құрайтын көпшілігінің шешімімен оның мүшелігін тоқтата алады. Егер мүшелікті тоқтата тұруға негіз болған көпшілік дауыспен мүшенің құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылданбаса, өзіне қатысты осындай шешім қабылданған мүше мүшелік тоқтатылған күннен бір (1) жылдан кейін мүшеліктен автоматты түрде шығады.

2. Мүшелікті тоқтату кезінде мүше шығу құқығын қоспағанда, өзінің барлық міндеттемелерін сақтайды.

39-бап БҰРЫНҒЫ МҮШЕЛЕРМЕН ЕСЕП-АЙЫРЫСУЛАРДЫ РЕТТЕУ

1. Мүшелігі тоқтатылған күннен бастап осындай бұрынғы мүше мүшелік тоқтатылғанға дейін уағдаластық жасалған заемдардың, акционерлік капиталға

салынған инвестициялардың немесе кепілдіктердің қандай да бір бөлігі реттелгенше Банктің алдындағы өзінің тікелей міндеттемелері, сондай-ақ Банк алдындағы шартты міндеттемелері бойынша жауапты болады; алайда мүшелігі тоқтатылғаннан кейін Банк берген заемдар, акционерлік капиталға салынған инвестициялар және инвестициялар бойынша міндеттемелер қабылдамайды және Банктің кірістеріне немесе шығыстарына қатыспайды.

2. Мүшенің мүшелігі тоқтатылған жағдайда Банк осы баптың ережелеріне сәйкес осындай мүшемен есеп айырысуларды реттеу мақсатында онымен акцияларды сатып алу туралы уағдаласады. Осы мақсатта акциялар Банк кітабында осы ел мүшелігі тоқтатылған күні көрсетілген баға бойынша сатып алынады, бұл ретте акцияның бастапқы сатып алу бағасы ең жоғарғы баға болып табылады.

3. Банк осы бапқа сәйкес сатып алған акциялар үшін төлемдер мынадай шарттарға сәйкес жүргізіледі:

(i) өзінің акциялары үшін осы елге тиесілі кез келген сома осы ел, оның орталық банкі болмаса кез келген агенттіктері немесе органдары қарыз алушы немесе кепілгер ретінде Банктің алдында жауапты болған кезеңде ұсталады және бұл сомалар Банктің қалауынша мерзімі келген осындай міндеттемелерді өтеуге қолданылады. Осы Келісімнің 6-бабының 4, 5 және 7-тармақтарына сәйкес бұрынғы мүшенің акцияларға жазылудан туындайтын міндеттері есебінен ешқандай сома ұсталмайды. Қандай жағдайда болмасын мүшеге акциялары үшін тиесілі сома осы елдің мүшелігі тоқтатылған күннен бастап алты (6) ай өткенге дейін төленбейді.

(ii) Осы тармақтың (i) тармақшасында аталған қарыздар, акционерлік капиталға салынған инвестициялар және кепілдіктер бойынша міндеттемелердің жалпы сомасынан осы баптың 2-параграфына сәйкес сатып алу бағасынан асатын сома шегінде бұрынғы мүше сатып алу бағасын толық алғанға дейін акциялар үшін төлем кезең-кезеңімен жүргізіледі.

(iii) төлемдер Банк белгілеген шарттарда, толық айырбасталатын валютада немесе ЭКЮ және мерзімдерде жүргізіледі.

(iv) Егер Банк мүшенің мүшелігі тоқтатылған күні төленбеген қандай да болмасын кепілдіктер, қарызға қатысу немесе қарыздар бойынша шығын шексе немесе Банк осы күнге акционерлік капиталға салынған өзінің инвестициялары бойынша таза шығын шексе және осындай шығындар сомасы мүшенің мүшелігі тоқтатылған күні шығындарды өтеу үшін көзделген резерв сомасынан асатын болса, онда осындай бұрынғы мүше шығындарды есепке алу арқылы сатып алу бағасы анықталған жағдайда, егер осы бағаны анықтау кезінде аталған шығындардың мөлшері ескерілген болса, Банктің талап етуі бойынша акцияларының сатып алу бағасы азайтылатын соманы төлеуге тиіс. Бұдан басқа, бұрынғы мүше осы Келісімнің 6-бабының 5-тармағына

сәйкес жазылудың төленбеген үлесіне кез келген талапқа қатысты капитал міндеттелгенде және оның акцияларының сатып алу құны анықталған сәтте талап қойылғанда жауапты болады.

4. Егер Банк осы Келісімнің 41-бабына сәйкес өз операцияларын қандай да болмасын бір елдің мүшелігі тоқтатылған күннен бастап алты (6) ай ішінде тоқтататын болса, онда осындай бұрынғы мүшенің барлық құқықтары осы Келісімнің 41-43-баптарының ережелеріне сәйкес анықталады.

40-бап ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ

Кез келген төтенше жағдайда Басқарушылар кеңесі қалыптасқан жағдайды қарағанға және олар бойынша тиісті шаралар қабылдағанша Директорлар кеңесі жаңа заемдар, кепілдіктер беру, бағалы қағаздарды кепілдікпен орналастыру, техникалық көмек көрсету, акционерлік капиталға салынатын инвестициялар бойынша операцияларды уақытша тоқтатады.

41-бап ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ТҮПКІЛІКТІ ТОҚТАТУ

Егер осы үшін дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісі дауыс берсе, онда Банк өз операцияларын толықтай тоқтатады. Банк операциялары осылай түпкілікті тоқтатылғанда, осындай тоқтатудан кейін Банк өз активтерін реттілікпен іске асыру, консервациялау мен сақтауға және міндеттемелерін реттеуге байланысты қызметті қоспағанда, барлық қызметін тоқтатады.

42-бап МҮШЕЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРДЫ ТӨЛЕУ

1. Банк операциялары түпкілікті тоқтатылған жағдайда барлық мүшелердің жазылған Банк акционерлік капиталының талап етілмеген бөлігі бойынша міндеттемелері кредит берушілердің, барлық, оның ішінде шартты талаптарын қанағаттандырғанға дейін күшін жоймайды.

2. Кредит берушілердің жай операциялар бойынша тікелей талаптары бірінші кезекте Банктің активтерінен, екінші кезекте Банкке төленетін акциялардың төленбеген бөлігіне жасалған төлемдерден және содан кейін талап бойынша төленуге тиіс акционерлік капиталдың есебінен Банкке жасалған төлемдерден төленеді. Тікелей талап қоятын кредит берушілерге төлем жүргізердің алдында Директорлар Кеңесі тікелей және шартты талап қоюшылардың арасында капиталдың тепе-тең бөлінуін қамтамасыз етуге қажетті шаралар қабылдайды.

43-бап АКТИВТЕРДІ БӨЛУ

1. Мына жағдайларда:

(i) кредит берушілер алдындағы барлық міндеттемелер өтелгенге немесе орындалғанға дейін; және

(ii) Басқарушылар кеңесі дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде төрттен үшіннің мүддесін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен активтерді бөлу туралы шешім қабылдағанға дейін осы

тарауға сәйкес активтер Банк капиталына жазылу есебінен мүшелер арасында бөлінбейді.

2. Банк активтері мүшелер арасында әрбір мүшеге тиесілі акционерлік капиталдың үлесіне теңбе-тең мөлшерде бөлінеді және Банк дұрыс деп тапқан шарттарда және мерзімдерде жүзеге асырылады. Активтерді бөлу кезінде активтердің үлестері активтің түрлеріне қатысты бірдей болуы міндетті емес. Мүшенің ешқайсысы Банк алдындағы өзінің міндеттемелерін өтегенше активтерді бөлу кезінде өз үлесін алуға құқылы емес.

3. Осы бапқа сәйкес бөлінген активтерді алатын мүше осындай активтерге қатысты олар бөлінгенге дейін Банк пайдаланған құқықтарды пайдаланады.

VIII тарау

МӨРТЕБЕ, ИММУНИТЕТТЕР, АРТЫҚШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ АЛЫП ҚОЮ

44-бап ТАРАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Банк өзінің мақсаты мен өзіне жүктелген функцияларына әрбір мүше-ел аумағына қол жеткізуі үшін Банкке осы бөлімде қарастырылған мәртебе, иммунитеттер, артықшылықтар мен шектеулер беріледі.

45-бап БАНКТІҢ МӨРТЕБЕСІ

Банктің толық құқықтық субъектілігі және атап айтқанда:

- (i) келісім-шарттар жасауға;
- (ii) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға және оларға билік етуге;
- (iii) процессуалдық іс-әрекеттер жүргізуге толық құқықтық қабілеті бар.

46-бап БАНКТІҢ СОТ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ПОЗИЦИЯСЫ

Банк мекемесі бар, сотқа шақырту қабылдау немесе сотқа келу туралы хабарлау мақсатында өкілі тағайындалған, болмаса бағалы қағаздар шығарған немесе олар бойынша кепілдік берген ел аумағында құзыретті соттарда ғана Банкке қарсы іс қозғалуы мүмкін. Алайда, мүшелердің атынан әрекет ететін немесе талап қоятын мүшелер немесе тұлғалар атынан талап қойылмайды. Банктің мүлкі және активтері Банкке қатысты түпкілікті сот шешімі шығарылғанға дейін алып қою, тұтқынға алу немесе соттық атқару өндірісінің барлық нысандарынан қорғалады.

47-бап АКТИВТЕРДІҢ ТӘРКІЛЕУГЕ ҚАРСЫ ИММУНИТЕТІ

Банктің қарамағындағы және меншігіндегі барлық мүлкі және активтері тінту, иеліктен айыру, тәркілеу, экспроприациялау болмаса атқару немесе заң билігінің актілерін пайдалану құқығын алу немесе одан айырудың кез келген басқа нысандарынан атқарушылық немесе заң жолымен қорғалады.

48-бап МҰРАҒАТТАР ИММУНИТЕТІ

Банк мұрағаттарына және оған тиесілі немесе оның қарамағындағы барлық құжаттарына қол сұғуға болмайды.

49-бап АКТИВТЕРГЕ ШЕКТЕУ ҚОЙМАУ ЕРКІНДІГІ

Банктің барлық мүлкі мен активтеріне Банктің мақсаты мен функцияларын тиімді жүзеге асыруға қажетті шектерде және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес кез келген сипаттағы шектеу қою, тыйым салу, бақылау және мораторий белгілеу шаралары қойылмайды.

50-бап БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Әрбір мүше Банкке басқа мүшелердің ресми хабарлары сияқты ресми байланыс режимін ұсынады.

51-бап ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ИММУНИТЕТТЕРІ

Банктің барлық басқарушылары, директорлары, орынбасарлары, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері, сондай-ақ Банктің тапсырмасын орындайтын сарапшылар Банк осындай иммунитеттерден бас тартатын жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған әрекеттеріне қатысты сот іс-әрекетінен қорғалады және олардың барлық ресми құжаттарына қол сұғылмайды. Бұл иммунитет кез келген басқарушы, директор, орынбасарлары, лауазымды тұлғалар, қызметшілер немесе сарапшылар жасаған жол-көлік оқиғалары салдарынан болған зиян кезіндегі азаматтық жауапқа тарту кезінде қолданылмайды.

52-бап ЛАУАЗЫМДЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

1. Банктің барлық басқарушылары, директорлары, орынбасарлары, лауазымды тұлғалары және қызметшілері, сондай-ақ Банктің тапсырмасын орындайтын сарапшылар:

(i) егер олар жергілікті азаматтар болмаса, олардың иммиграциялық шектеулерге, шетел азаматтарын тіркеуге қойылатын талаптарға және мемлекеттік міндеттерді атқару жөніндегі міндеттемелерге қатысты құқықтары болады және оларға валютаны айырбастау тәртібіне қатысты мүше өз өкілдеріне, лауазымды тұлғаларына және қызметшілеріне басқа мүшелердің осындай сатыдағы қызметшілеріне берілетін артықшылықтар беріледі;

(ii) мүшенің өз өкілдеріне, лауазымды тұлғаларына және басқа мүшелердің осындай сатыдағы қызметшілеріне беретін жүріп-тұру режимін пайдалана алады.

2. Банктің штаб-пәтері орналасқан елде тұратын Банктің аталған директорларының, директорлар орынбасарларының, лауазымды тұлғалардың, қызметшілері мен сарапшыларының жұбайлары мен тікелей қарауындағы адамдарға осы елде жұмысқа орналасу мүмкіндігі беріледі. Банктің агенттігі немесе бөлімшесі орналасқан елде тұратын Банктің аталған директорларының, директорлар орынбасарларының, лауазымды тұлғалардың, қызметшілері мен сарапшыларының жұбайлары мен тікелей қарауындағы адамдарға мүмкіндігінше осы елдің заңдарына сәйкес осы елде осындай

мүмкіндік беріледі. Осы тармақтың ережелерін жүзеге асыру үшін Банк өзінің штаб-пәтері орналасқан елмен, қажет болғанда - басқа мүдделі елдермен арнайы келісім жасайды.

53-бап САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ

1. Өзінің ресми қызметі шеңберінде Банк, оның активтері, мүлкі және табыстары тікелей салықтан босатылады.

2. Банк елеулі сомаға ресми қызметін жүзеге асыруға қажетті сатып алулар жүргізсе немесе қызметтерді пайдаланса және сатып алулар және қызметтер бағасына салықтар немесе баждар кіргізілетін болса, онда салықтар немесе баждар алатын мүше олардың мөлшерін анықтауға болатын болса, Банкті осындай салықтардан немесе баждардан босату немесе оларды өтеу үшін тиісінше шараларды қабылдайды.

3. Банктің ресми қызметін жүзеге асыруға қажетті әкелетін тауарлар барлық әкелу баждарынан және салықтардан және импортқа байланысты барлық тыйым салулар мен шектеулер босатылады. Осылайша Банк әкететін және оның ресми қызметін жүзеге асыруға қажетті тауарлар әкету баждарынан және салықтардан және импортқа байланысты барлық тыйым салулар мен шектеулер босатылады.

4. Мүшелер баждан немесе салықтан босатылған етіп белгіленген шарттардан басқа, осы бапқа сәйкес баждардан және салықтардан босатылған сатып алынған немесе импортталған тауарлар сатуға, жалға алуға, беруге немесе ақыға немесе тегін беруге жатпайды.

5. Осы баптың ережелерінің коммуналдық қызметі үшін төлемақы болып табылатын салықтарға немесе баждарға қатысы болмайды.

6. Банктің директорларына, директорларының орынбасарларына, лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне Банктің пайдасы үшін еңбекақы мен Банк төлейтін сыйақыларға осы Келісім күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде Басқарушылар кеңесі қабылдайтын ережелерге сәйкес белгіленетін шарттарда ішкі нақты салық салынады. Осы салық қолданылған күннен бастап аталған еңбекақы және сыйақылар ұлттық салық табысынан босатылады. Мүшелер Басқа көздер табыстарынан алынатын салықтар сомасын есептеу кезінде салықтан босатылған еңбекақы мен сыйақыларды есепке алады.

7. Осы баптың 6-тармағының ережелеріне қарамастан, мүше бекіту, қабылдау немесе декларацияны мақұлдау туралы құжатпен бірге осындай мүшенің азаматтарына Банк төлейтін еңбекақыдан және сыйақылардан салық алу құқығын өзінде, өзінің әкімшілік-аумақтық бірліктерінде немесе өзінің жергілікті билік органдарында қалдырады. Банк осындай салықтарды төлеуден, ұстап қалудан немесе жинаудан босатылады, банк мұндай салықтарды өтемейді.

8. Осы баптың 6-тармағы Банк төлейтін зейнетақылар мен жыл сайынғы жәрдемақыларға қолданылмайды.

9. Банк міндеттемелерінен немесе ол шығаратын бағалы қағаздардан, сондай-ақ ұстаушылардың кім болғанына қарамастан, олар бойынша алынатын дивидендтерден немесе проценттерден мына жағдайларда:

(i) Банк тарапынан шығарылғандықтан, осындай міндеттемелерге және бағалы Қағаздарға қатысты дискриминацияланатын болса;

(ii) Аталған міндеттемелердің немесе бағалы қағаздардың шығарылған жері;

олар, шығарылған, төлеуге тиіс немесе төленетін валюта, болмаса Банкке тиесілі кез келген мекеме немесе қызмет орны осындай салық салудың басты заңды негізі болып табылса, ешқандай салық алынбайды.

10. Банк кепілдік берген міндеттемелерден немесе бағалы қағаздардан, оның ішінде олардың ұстаушыларына қарамастан, олар бойынша алынатын кез келген дивидендтер немесе проценттерден мынадай жағдайларда:

(i) Банк тарапынан кепілдік етілгендіктен, бағалы қағаздардан немесе осындай міндеттемелерден арнайы салық алынса;

(ii) Банктің кез келген мекемесінің орналасқан жері немесе қызмет ететін жері осындай салық салудың басты заңды негізі болып табылса, ешқандай салық алынбайды.

54-бап ОСЫ ТАРАУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ОРЫНДАУ

Әрбір мүше осы Тараудың ережелерін орындау мақсатында қажетті шараларды шұғыл қабылдайды және барлық қабылданған іс-шаралар туралы Банкке егжей-тегжейлі хабарлайды.

55-бап ИММУНИТЕТТЕН, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРДАН ЖӘНЕ АЛЫП ҚОЮДАН БАС ТARTУ

Осы тарауға сәйкес берілетін иммунитеттер, артықшылықтар немесе алып қоюлар Банктің мүддесі үшін ұсынылады. Директор кеңесі осы тарауға сәйкес берілетін иммунитеттерден, артықшылықтар және алып қоюлардан өзінің пікірінше осындай шаралар Банктің мүддесіне жауап беретін шарттарда және дәрежеде бас тарта алады. Президенттің пікірінше иммунитет, артықшылық немесе алып қою әділдік орнатуға қиындататын болса және олардан бас тарту Банктің мүддесіне зиян келтірмейтін болса, Президентті немесе вице-президентті қоспағанда, Банктегі кез келген лауазымды тұлғаға, қызметшіге немесе сарапшыға қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе алып қоюдан басқа тартуға құқылы және міндетті. Осындай жағдайларда және аталған шарттармен Директорлар кеңесі Президентке және әрбір вице-президентке қатысты иммунитеттен, артықшылықтан немесе алып қоюдан бас тартуға құқылы және міндетті.

IX тарау

ТҮЗЕТУЛЕР, ТҮСІНДІРУ, ТӨРЕЛІК СОТ

56-бап ТҮЗЕТУЛЕР

1. Мүшеден, басқарушыдан немесе Директорлар кеңесінен келіп түскен осы Келісімге түзету енгізу туралы ұсыныс Басқарушылар кеңесі төрағасының назарына жеткізіледі, ол бұл ұсынысты Кеңестің қарауына шығарады. Егер ұсынылған түзетуді Кеңес мақұлдайтын болса, онда Банк кез келген байланыс құралын пайдалану арқылы барлық мүшелердің ұсынылған түзетуге келісім сұратады. Дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінді бестен төртінші үлесіне келетін мүшелердің кемінде төрттен үші (А қосымшасында аталған Орталық және Шығыс Еуропаның кемінде екі елін қоса алғанда) ұсынылған түзетуді мақұлдаса, банк барлық мүшелерге ресми хабарлама жіберу арқылы осы фактың нақтылайды.

2. Осы баптың 1-параграфының ережелеріне қарамастан:

(i) Мыналарды:

(a) Банктен шығу құқығын;

(б) осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағында көзделген акционерлік капиталды сатып алуға қатысты құқықтарды;

(с) осы Келісімнің 5-бабының 7-тармағында көзделген жауапкершілікті шектеуге; және

(д) осы Келісімнің 1 және 2-баптарында белгіленген Банктің мақсаты мен функцияларын өзгертуге қатысты түзетулер барлық мүшелердің келісімін қажет етеді;

(ii) осы Келісімнің 8-бабының 4-тармағын өзгертетін кез келген түзетулер кезінде дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының кемінде сексен бес (85) процентінің үлесіне келетін мүшелердің төрттен үшінші келісімі қажет.

Осындай ұсынылған түзетуді келісу жөніндегі талаптар сақталған жағдайда Банк осы фактіні бұл туралы барлық мүшелерге ресми хабар жіберу арқылы хабарлайды.

3. Түзетулер, егер Басқарма осы үшін өзге кезең белгілемесе, барлық мүшелерге осы баптың 1 және 2-баптарында көрсетілген ресми хабар жіберілген күннен үш (3) айдан кейін күшіне енеді.

57-бап ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

1. Қандай да бір мүше мен Банк, болмаса Банктің кез келген мүшелері арасында осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындайтын кез келген мәселе Директорлар Кеңесінің қарауына шешім қабылдау үшін енгізіледі. Егер аталған Кеңесте осы мәселені қарауға аса мүдделі мүшенің ұлтындағы Директор болмаса, оның осы мәселе қаралатын кезеңде Директорлар Кеңесінде өзінің тікелей өкілін ұстауға құқығы бар. Алайда осы мүшенің өкілі дауыс беруге қатыспайды. Осылай өкілдік ету құқығын Басқарушылар кеңесі реттейді.

2. Директорлар Кеңесі осы баптың 1-тармағына сәйкес шешім қабылдаған жағдайда, кез келген мүше бұл мәселенің Басқарманың қарауына түпкілікті шешім қабылдануы үшін берілуін талап етеді. Басқарушылар Кеңесі шешім қабылдағанға дейін Банк Директорлар Кеңесі шешімінің негізінде қажетінше әрекет етеді.

58-бап ТӨРЕЛІК СОТ

Банк және мүшелігі тоқтатылған ел арасында, болмаса Банктің операцияларын тоқтату туралы түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін Банк және кез келген мүше арасында дау туындағанда, бұл дау үш төрешіден тұратын төрелік сотқа шешуге беріледі, олардың біреуін - Банк, екіншісін - мүдделі мүше немесе бұрынғы мүше, ал үшіншісін, егер тараптар өзгеше келіспесе, Халықаралық Сот Төрағасы немесе Басқарушылар кеңесі қабылдаған ережелерде қарастырылғандай өзге осындай орган тағайындайды. Төрешілер көпшілік дауыспен шешім қабылдайды және ол тараптар үшін түпкілікті және міндетті болып табылады. Тараптар шешіммен келіспеген жағдайда, үшінші төрешіге барлық процедуралық мәселелерді реттеу өкілеттігі беріледі.

59-бап ҰСЫНЫЛҒАН МАҚҰЛДАУ

Осы Келісімнің 56-бабы бойынша іс-әрекеттерді қоспағанда, Банк қандай-да болмасын іс-шараларды жүргізу үшін қандай да бір мүшенің келісімі немесе мақұлдауы қажет болғанда, егер Банк жүргізетін іс-шаралар туралы хабарламада көрсетілген мерзім ішінде осы мүше тарапынан қарсылық болмаса, оның келісімі немесе мақұлдауы алынған болып саналады.

X тарау

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

60-бап ҚОЛ ҚОЮ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕУ

1. Француз Республикасының үкіметінде депозиттелген (бұдан әрі - "депозитарий") осы Келісім осы Келісімге берілген А қосымшасында келтірілген мүшелер қол қою үшін 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейін қалдырады.

2. Депозитарий осы Келісімнің расталған көшірмелерін барлық қол қойған тараптарға жібереді.

61-бап БЕКІТУ, ҚАБЫЛДАУ НЕМЕСЕ МАҚҰЛДАУ

1. Келісімді тараптар бекітеді, қабылдайды немесе мақұлдайды. Осы баптың 2-тармағының талаптары сақталған жағдайда, бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжаттар 1991 жылғы 31 наурыздан кешіктірілмей Депозитарийде депозитке беріледі. Депозитарий қол қойған басқа тараптарға әрбір депозиттеу және депозиттеу күні туралы хабарлайды.

2. Кез келген қол қойған тарап бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты Келісім күшіне енген күннен бастап бір жылдан кешіктірмей немесе қажет болғанда дауыс беруге құқығы бар мүшелердің жалпы дауыс санының көпшілігінің мүддесін білдіретін басқарушылардың көпшілігі белгіленген күннен кешіктірмей депозиттеу арқылы Келісімнің тарабы болады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған құжатқа қол қойған тарап Келісім күшіне енгенге дейін депозиттеген күннен бастап Банктің мүшесі болады. Басқа кез келген қол қойған тарап алдыңғы тармақтың талаптарын қанағаттандырған жағдайда, бекіту,

қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты депозиттеген күннен бастап Банктің мүшесі болады.

62-бап КҮШНЕ ЕНУ

1. А қосымшасында аталған Орталық және Шығыс Еуропаның кемінде екі мемлекетін қоса алғанда, А қосымшасында белгіленгендей бастапқы жазылымы жалпы жазылудың кемінде үштен екісін білдіретін қол қойған тараптар Келісімді бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты депозиттегеннен бастап Осы Келісім күшіне енеді.

2. Егер осы Келісім 1991 жылдың 31 наурызына дейін күшіне енбесе, депозитарий алда жүргізілетін іс-әрекеттердің тәртібін анықтау немесе бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжатты депозиттеудің ең соңғы мерзімі туралы шешім қабылдау үшін мүдделі мүшелердің конференциясын шақыртады.

63-бап АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫС ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСУ

1. Осы Келісімнің 62-бабына сәйкес осы Келісім күшіне енгеннен бастап әрбір мүше басқарушыны тағайындайды. Депозитарий 62-бапқа сәйкес осы Келісім күшіне енгеннен кейін алпыс (60) күн ішінде немесе осындай кейінгі мүмкін болатын ең жақын арада Басқарушылар кеңесінің бірінші отырысын шақыртады.

2. Басқарушылар кеңесі өзінің алғашқы отырысында:

(i) Президентті сайлайды;

(ii) осы Келісімнің 26-бабына сәйкес Банк Директорларын сайлайды;

(iii) Банк қызметін бастайтын мерзімді белгілеу үшін шаралар қабылдайды; және

(iv) Банк операцияларын бастауға дайындалу үшін қажетті басқа да шараларды қабылдайды.

3. Банк өз мүшелеріне операциялары басталған күнді хабарлайды.

1990 жылы 29 мамырда бір данада жасалды, оның ағылшын, неміс, орыс және француз тілдеріндегі мәтінінің күші бірдей және депозитарийдің мұрағатына сақтауға беріледі, ол расталған көшірмесін осы Келісімнің А қосымшасында аталған басқа мүшелерге жібереді.

А Қосымшасы

61-БАПҚА СӘЙКЕС МҮШЕ БОЛА АЛАТЫН, ҰСЫНЫЛҒАН МҮШЕЛЕР ҮШІН ШЫҒАРУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛҒА БАСТАПҚЫ ЖАЗЫЛЫМЫ

акциялар Жазылу жүргізілетін

саны капитал

(млн. ЭКЮ)

А - Еуропалық қоғамдастықтар

(a)

Бельгия 22 800 228,00

Греция 6 500 65,00
Дания 12 000 120,00
Ирландия 3 000 30,00
Испания 34 000 340,00
Италия 85 175 851,75
Люксембург 2 000 20,00
Нидерланды 27 800 248,00
Португалия 4 200 42,00
Біріккен Корольдігі 85 175 851,75
Германия Федеративтік 85 175 851,75
Республикасы
Франция 85 175 851,75

(в)

Еуропалық инвестициялық 30 000 300,00
Банк
Еуропалық Экономикалық 30 000 300,00
Қоғамдастық

В - Басқа да еуропалық елдер

Австрия 22 800 228,00
Израиль 6 500 65,00
Исландия 1 000 10,00
Кипр 1 000 10,00
Лихтенштейн 200 2,00
Мальта 100 1,00
Норвегия 12 500 125,00
Түркия 11 500 115,00
Финляндия 12 500 125,00
Швейцария 22 800 228,00
Швеция 22 800 228,00

С - Алушы-елдер

Болгария 7 900 79,00
Венгрия 7 900 79,0
Герман Демократиялық 15 500 155,00
Республикасы
Польша 12 800 128,00
Румыния 4 800 48,00
Кеңес Социалистік 60 000 600,00

Республикалар Одағы

Чехословакия 12 800 128,00

Югославия 12 800 128,00

Д - еуропалық емес елдер

Австралия 10 000 100,00

Египет 1 000 10,00

Канада 34 000 340,00

Корея Республикасы 6 500 65,00

Марокко 1 000 10,00

Мексика 3 000 30,00

Жаңа Зеландия 1 000 10,00

Америка Құрама Штаттары 100 000 1000,00

Жапония 85 175 851,75

Е - Бөлінбеген акциялар

Жиыны: 1 000000 10 000,00

* Болжанып отырған мүшелер жоғарыда аталған санаттар бойынша осы Келісімнің мақсаты үшін ғана келтірілген. Осы Келісімде Орталық және Шығыс Еуропа елдері алушы елдер деп аталады.

В Қосымшасы

А бөлімі - Бельгияның, Грецияның, Данияның, Ирландияның, Испанияның, Италияның, Люксембургтің, Нидерландтың, Португалияның, Біріккен Корольдіктің, Германия Федеративтік Республикасының, Францияның, Еуропа инвестициялық банкінің және Еуропа экономикалық қауымдастығының (бұдан әрі - А бөлімінде аталған басқарушылар) мүддесін білдіретін басқарушылардың Директорларды сайлауы

1. Осы бөлімде келтірілген ережелер осы бөлімге қатысты ғана қолданылады.
2. А бөлімінде аталған басқарушылар директор лауазымына үміткерді ұсынады, бұл ретте басқарушы бір ғана адамның кандидатурасын ұсына алады. Директорларды сайлау А бөлімінде аталған басқарушылардың дауыс беру жолымен жүргізіледі.
3. Дауыс беруге құқығы бар әрбір басқарушы, осы Келісімнің 29-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес оны тағайындаған мүшенің құқығы бар, өзінің барлық дауысын бір адамға береді.
4. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, ең көп дауыс санын жинаған 11 адам директор болып сайланады, алайда А бөлімі бойынша берілетін (бар дауыстардың) жалпы санының кемінде 4,5 процентін жинаған адам сайланбайды.
5. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, егер бірінші дауыс беру кезінде 11 адам сайланбаса, 11 аспайтын үміткер болатын жағдайлардан басқа, дауыс берудің

екінші кезеңі өткізіледі, оған алдыңғы дауыс беру кезінде ең аз дауыс санын жинаған үміткер қатыспайды және онда мыналар:

(а) Алдыңғы жағдайда сайланбаған үміткер үшін дауыс берген басқарушылар;

(б) Сайланған үміткер үшін дауыс берген, олардың дауыстары осы бөлімнің 6 және 7-тармақтарына сәйкес осы үміткерге бар дауыстардың 5,5 проценттен астамын жинауға мүмкіндік берген басқарушылар дауыс береді.

6. Басқарушылар берген дауыстар қандай да бір адамға барлық дауыстардың 5,5 проценттен астамын жинауына әсер еткендігін анықтау үшін, осы 5,5 процент, біріншіден, осы үміткер үшін ең көп дауыс берген басқарушының дауысы мен дауыс санының кему ретімен басқа басқарушылардың дауысынан тұрады және осылайша 5,5 процентке жеткенге дейін кемітіледі.

7. Дауысының бір бөлігі қандай да бір адамға берілген дауыс санының 4,5 проценттен асуы үшін есепке алынған кез келген басқарушы, осы адам үшін берілген жалпы дауыс саны 5,5 проценттен асқанына қарамастан, өзінің барлық дауысын осы адам үшін берген болып саналады және дауыс берудің келесі кезеңдеріне қатыса алмайды.

8. Осы бөлімнің 10-тармағын есепке ала отырып, егер екінші дауыс беру кезеңінен кейін 11 адам сайланбаса, 11 адам сайланғанға дейін осы бөлімде айтылған қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келесі дауыс беру кезеңі өткізіледі, алайда қандай да бір кезеңде 10 адам сайланса, 11 адам осы бөлімнің 4-тармағының ережелеріне қарамастан, қалған дауыстарының жай көпшілігімен сайланады.

9. А бөлімінде аталған басқарушылар сайлайтын директорлар саны ұлғайтылған немесе кемітілген жағдайда, осы бөлімнің 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ең жоғарғы және ең төменгі проценттік үлестерге Басқарушылар кеңесі тиісінше түзету енгізеді.

10. А қосымшасында көрсетілген капиталға жалпы жазылу сомасының үлесі 2,4 проценттен асатын қандай да болмасын қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы бекіту, мақұлдау немесе қабылдау туралы құжаттарды немесе құжатты депозиттегенге дейін мұндай тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайланбайды. Қол қойған осындай тараптың немесе қол қойған тараптар тобының мүддесін білдіретін басқарушы немесе басқарушылар қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы мүшелікке қабылданған сәттен бастап әрбір қол қойған тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайлайды. Егер осындай директор бірінші Директорлар кеңесі қызметінің мерзімі ішінде сайланса, осы Келісімнің 26-бабының 3-тармағына сәйкес бірінші отырыста басқарушылар кеңесі сайлаған болып саналады.

В бөлімі - Басқа елдердің мүддесін білдіретін басқарушылардың Директорларды сайлауы

В (і) бөлімі: А қосымшасында аталған (бұдан әрі - В (і) бөлімінде аталған басқарушылар) Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің (алушы-елдер) мүддесін білдіретін басқарушылардың директорларды сайлауы

1. Осы бөлімде келтірілген ережелер осы бөлімге қатысты ғана қолданылады.

2. В (і) бөлімінде аталған басқарушылар директор лауазымына үміткерді ұсынады, бұл ретте басқарушы бір ғана адамның кандидатурасын ұсына алады. Директорларды сайлау В (і) бөлімінде аталған басқарушылардың дауыс беру жолымен жүргізіледі.

3. Дауыс беруге құқығы бар әрбір басқарушы, осы Келісімнің 29-бабының 1 және 2 тармақтарына сәйкес оны тағайындаған мүшенің құқығы бар, өзінің барлық дауысын бір адамға береді.

4. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, ең көп дауыс санын жинаған 4 адам директор болып сайланады, алайда В (і) бөлімі бойынша берілетін (бар дауыстардың) жалпы санының кемінде 12 процентін жинаған адам сайланбайды.

5. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, егер бірінші дауыс беру кезінде 4 адам сайланбаса, 4 аспайтын үміткер болатын жағдайлардан басқа, дауыс берудің екінші кезеңі өткізіледі, оған алдыңғы дауыс беру кезінде ең аз дауыс санын жинаған үміткер қатыспайды және онда мыналар:

(а) Алдыңғы жағдайда сайланбаған үміткер үшін дауыс берген басқарушылар;

(б) Сайланған үміткер үшін дауыс берген, олардың дауыстары осы бөлімнің 6 және 7-тармақтарына сәйкес осы үміткерге бар дауыстардың 13 проценттен астамын жинауға мүмкіндік берген басқарушылар дауыс береді.

6. Басқарушылар берген дауыстар қандайда бір адамға барлық дауыстардың 13 проценттен астамын жинауына әсер еткендігін анықтау үшін, осы 13 процент, біріншіден, осы үміткер үшін ең көп дауыс берген басқарушының дауысы мен дауыс санының кему ретімен басқа басқарушылардың дауысынан тұрады және осылайша 13 процентке жеткенге дейін кемітіледі.

7. Дауысының бір бөлігі қандай да бір адамға берілген дауыс санының 12 проценттен асуы үшін есепке алынған кез келген басқарушы, осы адам үшін берілген жалпы дауыс саны 13 проценттен асқанына қарамастан, өзінің барлық дауысын осы адам үшін берген болып саналады және дауыс берудің келесі кезеңдеріне қатыса алмайды.

8. Осы бөлімнің 10-тармағын есепке ала отырып, егер екінші дауыс беру кезеңінен кейін 4 адам сайланбаса, 4 адам сайланғанға дейін осы бөлімде айтылған қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келесі дауыс беру кезеңі өткізіледі, алайда қандай да бір кезеңде 3 адам сайланса, осы бөлімнің 4-тармағының ережелеріне қарамастан, 4-адам қалған дауыстарының жай көпшілігімен сайланады.

9. В (і) бөлімінде аталған басқарушылар сайлайтын директорлар саны ұлғайтылған немесе кемітілген жағдайда, осы бөлімнің 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ең

жоғарғы және ең төменгі проценттік үлестерге Басқарушылар кеңесі тиісінше түзету енгізеді.

10. А қосымшасында көрсетілген капиталға жалпы жазылу сомасының үлесі 2,8 проценттен асатын қандай да болмасын қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы бекіту, мақұлдау немесе қабылдау туралы құжаттарды немесе құжатты депозиттегенге дейін мұндай тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайланбайды. Қол қойған осындай тараптың немесе қол қойған тараптар тобының мүддесін білдіретін басқарушы немесе басқарушылар қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы мүшелікке қабылданған сәттен бастап әрбір қол қойған тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайлайды. Егер осындай директор бірінші Директорлар кеңесі қызметінің мерзімі ішінде сайланса, осы Келісімнің 26-бабының 3-тармағына сәйкес бірінші отырыста басқарушылар кеңесі сайлаған болып саналады.

В (ii) бөлімі: А қосымшасында аталған басқа еуропалық елдердің мүддесін білдіретін басқарушылардың (бұдан әрі - В (ii) аталған басқарушылар) директорларды сайлауы

1. Осы бөлімде келтірілген ережелер осы бөлімге қатысты ғана қолданылады.

2. В (ii) бөлімінде аталған басқарушылар директор лауазымына үміткерді ұсынады, бұл ретте басқарушы бір ғана адамның кандидатурасын ұсына алады. Директорларды сайлау В (ii) бөлімінде аталған басқарушылардың дауыс беру жолымен жүргізіледі.

3. Дауыс беруге құқығы бар әрбір басқарушы, осы Келісімнің 29-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес оны тағайындаған мүшенің құқығы бар, өзінің барлық дауысын бір адамға береді.

4. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, ең көп дауыс санын жинаған 4 адам директор болып сайланады, алайда В (ii) бөлімі бойынша берілетін (бар дауыстардың) жалпы санының кемінде 20,5 процентін жинаған адам сайланбайды.

5. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, егер бірінші дауыс беру кезінде 4 адам сайланбаса, 4 аспайтын үміткер болатын жағдайлардан басқа, дауыс берудің екінші кезеңі өткізіледі, оған алдыңғы дауыс беру кезінде ең аз дауыс санын жинаған үміткер қатыспайды және онда мыналар:

(а) Алдыңғы жағдайда сайланбаған үміткер үшін дауыс берген басқарушылар;

(б) Сайланған үміткер үшін дауыс берген, олардың дауыстары осы бөлімнің 6 және 7-тармақтарына сәйкес осы үміткерге бар дауыстардың 21,5 проценттен астамын жинауға мүмкіндік берген басқарушылар дауыс береді.

6. Басқарушылар берген дауыстар қандай да бір адамға барлық дауыстардың 21,5 проценттен астамын жинауына әсер еткендігін анықтау үшін, осы 21,5 процент,

біріншіден, осы үміткер үшін ең көп дауыс берген басқарушының дауысы мен дауыс санының кему ретімен басқа басқарушылардың дауысынан тұрады және осылайша 21,5 процентке жеткенге дейін кемітіледі.

7. Дауысының бір бөлігі қандай да бір адамға берілген дауыс санының 20,5 проценттен асуы үшін есепке алынған кез келген басқарушы, осы адам үшін берілген жалпы дауыс саны 21,5 проценттен асқанына қарамастан, өзінің барлық дауысын осы адам үшін берген болып саналады және дауыс берудің келесі кезеңдеріне қатыса алмайды.

8. Осы бөлімнің 10-тармағын есепке ала отырып, егер екінші дауыс беру кезеңінен кейін 4 адам сайланбаса, 4 адам сайланғанға дейін осы бөлімде айтылған қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келесі дауыс беру кезеңі өткізіледі, алайда қандай да бір кезеңде 3 адам сайланса, осы бөлімнің 4-тармағының ережелеріне қарамастан, 4-адам қалған дауыстарының жай көпшілігімен сайланады.

9. В (ii) бөлімінде аталған басқарушылар сайлайтын директорлар саны ұлғайтылған немесе кемітілген жағдайда, осы бөлімнің 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ең жоғарғы және ең төменгі проценттік үлестерге Басқарушылар кеңесі тиісінше түзету енгізеді.

10. А қосымшасында көрсетілген капиталға жалпы жазылу сомасының үлесі 2,8 проценттен асатын қандай да болмасын қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы бекіту, мақұлдау немесе қабылдау туралы құжаттарды немесе құжатты депозиттегенге дейін мұндай тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайланбайды. Қол қойған осындай тараптың немесе қол қойған тараптар тобының мүддесін білдіретін басқарушы немесе басқарушылар қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы мүшелікке қабылданған сәттен бастап әрбір қол қойған тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайлайды. Егер осындай директор бірінші Директорлар кеңесі қызметінің мерзімі ішінде сайланса, осы Келісімнің 26-бабының 3-тармағына сәйкес бірінші отырыста басқарушылар кеңесі сайлаған болып саналады.

В (iii): А қосымшасында аталған еуропалық емес елдердің мүддесін білдіретін басқарушылардың (бұдан әрі - В (iii) бөлімінде аталған басқарушылар) директорларды сайлауы

1. Осы бөлімде келтірілген ережелер осы бөлімге қатысты ғана қолданылады.

2. В (iii) бөлімінде аталған басқарушылар директор лауазымына үміткерді ұсынады, бұл ретте басқарушы бір ғана адамның кандидатурасын ұсына алады. Директорларды сайлау В (iii) бөлімінде аталған басқарушылардың дауыс беру жолымен жүргізіледі.

3. Дауыс беруге құқығы бар әрбір басқарушы, осы Келісімнің 29-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес оны тағайындаған мүшенің құқығы бар, өзінің барлық дауысын бір адамға береді.

4. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, ең көп дауыс санын жинаған 4 адам директор болып сайланады, алайда В (iii) бөлімі бойынша берілетін (бар дауыстардың) жалпы санының кемінде 8 процентін жинаған адам сайланбайды.

5. Осы бөлімнің 10-тармағын ескере отырып, егер бірінші дауыс беру кезінде 4 адам сайланбаса, 4 аспайтын үміткер болатын жағдайлардан басқа, дауыс берудің екінші кезеңі өткізіледі, оған алдыңғы дауыс беру кезінде ең аз дауыс санын жинаған үміткер қатыспайды және онда мыналар:

(а) алдыңғы жағдайда сайланбаған үміткер үшін дауыс берген басқарушылар;

(б) Сайланған үміткер үшін дауыс берген, олардың дауыстары осы бөлімнің 6 және 7-тармақтарына сәйкес осы үміткерге бар дауыстардың 9 проценттен астамын жинауға мүмкіндік берген басқарушылар дауыс береді.

6. Басқарушылар берген дауыстар қандайда бір адамға барлық дауыстардың 9 проценттен астамын жинауына әсер еткендігін анықтау үшін, осы 9 процент, біріншіден, осы үміткер үшін ең көп дауыс берген басқарушының дауысы мен дауыс санының кему ретімен басқа басқарушылардың дауысынан тұрады және осылайша 9 процентке жеткенге дейін кемітіледі.

7. Дауысының бір бөлігі қандай да бір адамға берілген дауыс санының 8 проценттен асуы үшін есепке алынған кез келген басқарушы, осы адам үшін берілген жалпы дауыс саны 9 проценттен асқанына қарамастан, өзінің барлық дауысын осы адам үшін берген болып саналады және дауыс берудің келесі кезеңдеріне қатыса алмайды.

8. Осы бөлімнің 10-тармағын есепке ала отырып, егер екінші дауыс беру кезеңінен кейін 4 адам сайланбаса, 4 адам сайланғанға дейін осы бөлімде айтылған қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келесі дауыс беру кезеңі өткізіледі, алайда қандай да бір кезеңде 3 адам сайланса, осы бөлімнің 4-тармағының ережелеріне қарамастан, төртінші адам қалған дауыстарының жай көпшілігімен сайланады.

9. В (iii) бөлімінде аталған басқарушылар сайлайтын директорлар саны ұлғайтылған немесе кемітілген жағдайда, осы бөлімнің 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ең жоғарғы және ең төменгі проценттік үлестерге Басқарушылар кеңесі тиісінше түзету енгізеді.

10. А қосымшасында көрсетілген капиталға жалпы жазылу сомасының үлесі 5 проценттен асатын қандай да болмасын қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы бекіту, мақұлдау немесе қабылдау туралы құжаттарды немесе құжатты депозиттегенге дейін мұндай тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайланбайды. Қол қойған осындай тараптың немесе қол қойған тараптар тобының мүддесін білдіретін басқарушы немесе басқарушылар қол қойған тарап немесе қол қойған тараптар тобы мүшелікке қабылданған сәттен бастап әрбір қол қойған тараптан немесе қол қойған тараптар тобынан директор сайлайды. Егер осындай директор

бірінші Директорлар кеңесі қызметінің мерзімі ішінде сайланса, осы Келісімнің 26-бабының 3-тармағына сәйкес бірінші отырыста басқарушылар кеңесі сайлаған болып саналады.

С-бөлімі - А қосымшасында аталмаған елдердің мүддесін білдіретін директорларды сайлау туралы ереже

Егер Басқарушылар кеңесі осы Келісімнің 26-бабының 3-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің санын ұлғайтуды немесе азайтуды немесе оның құрамын қайта қарауды шешсе, Банк мүшелерінің санына өзгерістер әсер етуі үшін, Басқарушылар кеңесі ең алдымен осы қосымшада қандай да болмасын өзгеріс енгізу қажеттігін қарастырады және осындай шешімнің бір бөлігі ретінде өзі дұрыс деп тапқан кез келген түзетулерді енгізеді.

Д-бөлімі - Дауыстарды беру

Осы қосымшаның А бөліміне, В (i) бөліміне, В (ii) бөліміне немесе В (iii) бөліміне сәйкес директорларды сайлау барысында дауыс беруге қатыспайтын кез келген қатысушы өзінің құқығы бар дауыстарын сайланған директорға бере алады, бұл ретте аталған басқарушы осы директорды сайлаған барлық басқарушылар тарапынан осындай беруге келісімін алады.

Қандай да болмасын басқарушының директорларды сайлау барысында дауыс беруге қатыспайтындығы туралы шешімі А бөліміне, В (i) бөліміне, В (ii) бөліміне немесе В (iii) бөліміне сәйкес бар дауыстарды санауға әсер етпейді.

Қандай да болмасын басқарушының директорларды сайлау барысында дауыс беруге қатыспайтындығы туралы шешімі А бөліміне, В (i) бөліміне, В (ii) бөліміне немесе В (iii) бөліміне сәйкес бар дауыстарды санауға әсер етпейді.

ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІН ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯ ТӨРАҒАСЫНА

Төраға мырза!

Өзіңізге белгілі болғандай, Франция Президенті Ф. Миттеранның Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің рынокқа бағытталған экономикаға өтуіне жәрдем беру мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы бастамасы Кеңес басшылығы тарапынан түсіністік пен қолдау тапты. КСРО делегациясы Банктің құрылтай құжаттарын әзірлеу жөніндегі келіссөздердің барлық кезеңдеріне қатысты. Құрылтайшы елдер Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімді әзірлеуде айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Сонымен қатар, негізінен бірқатар мемлекеттердің Кеңес Одағы өз экономикасының мөлшеріне қарай Банк кредиттерінің негізгі алушысына айналады және сол арқылы Банктің басқа Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне көмек беру мүмкіндігін азайтады деген қаупінен белгілі бір қиындықтар туындады.

Осыған байланысты қымбатты Төраға мырза, Сізді Кеңес Одағының Банктің толыққанды мүшесі болуға деген ынтасы, ең алдымен, еуропа континентіндегі тарихи қайта құруларға жәрдемдесу үшін жан-жақты ынтымақтастықтың жаңа институтын құру ниетінен туындағанына сендіргім келеді.

Банк құру туралы келісімнің 8-бабына (4-тармақ) сәйкес КСРО Үкіметі Банк құру туралы келісім күшіне енген сәттен бастап үш жылдық кезең ішінде өзінің Банк ресурстарына қол жетімділігін шектеуге дайын екендігін Сіздің назарыңызға жеткізгім келеді.

КСРО бұл кезең аралығында Банктің Кеңес Одағына техникалық жәрдем және жеке секторын қаржыландыруға, мемлекеттік кәсіпорындардың жеке иелікке және жеке бақылауға көшуін жеңілдетуге және бәсекелестік жағдайында жұмыс істейтін әрі Келісімнің 11-бабында (3-тармақ) көрсетілген арақатынасты ескере отырып рынокқа бағытталған экономикаға қатысуға ауысатын кәсіпорындарға көмек көрсетуге бағытталған өзге де көмек түрлерін көрсететіндігін негізге алады. Бұл ретте Банк ұсынатын жәрдем Кеңес Одағының өз акциялары бойынша ұсынған қолма-қол ақша және қарапайым вексельдер төлемдерінің жалпы сомасынан аспаған болар еді.

Кеңес Одағындағы экономикалық реформалар процесі Банктің КСРО аумағындағы іс әрекетін кеңейтуге міндетті түрде ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар, Банктің жан-жақты сипатын қамтамасыз етуге мүдделілік білдіре отырып, КСРО бұдан әрі де өзінің қарыз алуларын Банк операцияларын қажетті әртараптандыруды қолдауға және өз кредиттерінің жалпы көлемінің орынды шегіне сәйкес сомадан асырмауға тырысатын болады.

Төраға мырза, Сізге деген жоғары құрметімді қабыл алыңыз.

В.В.ГЕРАЩЕНКО

КСРО ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БАСШЫСЫ,

КСРО МЕМЛЕКЕТТІК БАНКІ

БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Еуропа қайта құру және даму банкін құру туралы келісімнің аудармасы түпнұсқасына сай екенін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Экономика және бюджеттік жоспарлау

вице-министрі

Осымен 1990 жылғы 29 мамырда Париж қаласында жасалған Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігінің

Халықаралық-құқық департаментінің

Басқарма бастығы

РҚАО-ның ескертуі. Заңның қағаз мәтініне Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні қоса берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК